

Ushqyr oila! Brikke samǵa! Álemdi sharla!



# Farabi

№08  
ТАМЫЗ  
2024

# *shákirti*

@farabishakirti.kz  
@farabishakirti.kz  
@farabishakirti.kz

МЕКТЕП МҰҒАЛИМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ  
ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА, АРДАҒЕРЛЕРГЕ,  
АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ



фб/ Путешествия по миру

## ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт Кемелұлы, Қазақстан Республикасының Президенті:

«Тіліміздің қолдану аясын кеңейте түсу мемлекеттік саясаттың басты бағыты болып қала береді. Бұл – біз үшін мызғымас ұстаным. Елімізде қазақ тіліне деген сұраныс жыл өткен сайын артып келеді. Қазақ тілі бизнестің, ғылым мен техниканың тіліне айнала бастады. Бұл үрдісті одан әрі дамытудың ең тиімді әрі төте жолы – ағартушылық».

(Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінен: 2024 жылғы 15 наурыз). Akorda.kz



## «ТУҒАН ЖЕРІМІЗДІ ТАЗА ҰСТАУЫМЫЗ КЕРЕК»

**«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы туралы айтқан сөзінен:**

*«Шын мәнінде, елімізді көгалдандыру, абаттандыру – үлкен мемлекеттік маңызы бар іс. Бұл бүгін шығып, ертең ұмытып кететін бір реттік науқан емес. Аталған жұмыс тұрақты түрде жүргізіледі. Туған жерімізді таза ұстауымыз керек. Бұл – жалпыұлттық мәселе. Қазақстанымыз таза болуы қажет. Лас елге қонақ ретінде, инвестор ретінде ешкім келмейді. Бірақ, ең алдымен, Қазақстанның таза, көрікті болғаны біз үшін, яғни халық үшін керек. Бұл күнделікті өмір салтына айналуы қажет. Сондай-ақ бұл жұмыс елорда және ірі қалаларда ғана емес, шағын қалаларда, аудандар мен ауылдарда да ұдайы ұйымдастырылады. Бүкіл Қазақстанды таза ұстау өзімізге, жастарға байланысты. Мен жастарға сенемін. Сондықтан жастарға зор үмітпен қараймын.*

*Біз өз елімізді мақтан тұтуға тиіспіз. Мейлі ол көше, аула немесе үйлердің кіреберісі болсын, бәріне ұқыпты қарауымыз қажет. Вандалдармен табанды түрде күресу керек. Сондай-ақ олардың заң жүзінде қатаң жазаланатынын айттым. Әр нәрсенің шегі бар. Әйтпесе, бәрін бүлдіріп алып, кейіннен кешірім сұрайды. Елімізде тәртіп болуы керек. Заңды сақтау қажет».*

**Мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал**

**№08 (60) тамыз 2024**

**Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап, айына 1 рет шығады (электронды нұсқа)**

Шығарушы және меншік иесі  
**«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС**

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**  
Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**  
**Тамила ИБРАГИМОВА**  
Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ**

Редакцияның мекенжайы: 040600, Алматы облысы,  
Ұзынағаш, Тәуелсіздік, 81.  
Тел.: +7 701 730 9312

**E-mail: farabi\_shakirti@mail.ru**

**ТАРАЛЫМЫ – 228 дана.**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі  
"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің  
Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы КҮӘЛІК № KZ28VPY00092839  
Астана қ. Берілген күні: 17.05.2024 ж.

Атауы: Республикалық «Farabi shakirti» журналы.  
Тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде басылады. Тақырыптық бағыты: Мектеп мұғалімдері мен оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал.  
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы  
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі:  
17481-Ж 28.01.2019 жыл

Журналдың цифрлық нұсқасы «Farabi shakirti» редакциясында қапталды.

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

Нұртуған жырау Кенжеғұлұлы –  
1887 жылы Қызылорда облысы,  
Арал ауданы, Аманөткел ауылы,  
Мырзабас мекенінде туған – 1930  
жылы сол мекенде дүние салады  
ақын. Әлімұлы тайпасының  
Шекті руының Жақайым тармағы.




## ӘСІЕТ

Асыл ер өзін биік санамайды-ау,  
Ел үшін еңбек күшін аямайды-ау.  
Бір өзі білсе-дағы, білдім демес,  
Сынатып көпке салып шамалайды-ау.  
Серік бол шамаң келсе сондай ермен,  
Тар жерде бас амандық жарамайды-ау.  
Кескінін кем ақылдың қарап тұрсаң,  
Көтеріп өзін тауға бағалайды-ау.  
Асыл ер өзін биік санамайды-ау,  
Ел үшін еңбек күшін аямайды-ау.  
Бір өзі білсе-дағы, білдім демес,  
Сынатып көпке салып шамалайды-ау.  
Қолына опасыздың олжа түссе,  
Досы мен жолдасына қарамайды-ау.  
Дүниенің опасы жоқ, ойлан, ерлер,  
Арбадай тегерімсіз домалайды-ау.

## «Абайды оқығанда»

«Қадірін Абайды оқып танығанда,  
Қазақта тең таппадым осы маңда.  
Бағыма Абай туды – сөз зергері,  
Өлеңім, ілігерсің енді санға.  
Абайдан қазақ жұртта адам өтпес,  
Ол – дана, жалғыз туған, естен кетпес.  
Орыстың өнеріне қолын салып,  
Қалдырды көп мұраны баға жетпес.  
Соқпақтан жолды салса – Абай тыңы,  
Білімдар, шайыр кісі білер мұны.  
Қазақта сөз асылын арқалаған  
Ұлы Абай – бір ғасырдың биік шыңы.  
Қолдансаң сөз асылын Абайды біл,  
Өзіңше даурыққанмен қаласың құр.  
Жүрекке жылы сөзді ұялатқан –  
Ол мәңгі тарихтың төрінде тұр»  
«...Ұрпағым кешір мені, оқи қойсаң,  
Жетпедім ұлы Абайдың тумысына...»



Мемлекеттік қос тіл болмайды,  
Жыланнан көргін ондайды.  
Орыс тіл қорлық көрмейді,  
Қазақ тіл өлсе – сол қайғы.  
Тірілсін десек тіліміз,  
Түрілсін десек түніміз,  
Болуы керек бұлтақсыз  
Ата заңымыз – піріміз.



## Қалқаман Сарин ЗАҢ ДӘСТҮР

Ата заңымның анасы болған дәстүрім,  
Ата салтында – ғажайып ғұрып, жақсы ырым.  
Ата бабамның ақ отау, алтын бесігі –  
Атамекенім! Алладан соңғы басты ұғым!

Шариятымды, ар-ұятымды шаң басып,  
Шаңырақ қалды. Шежіре сырдан шал қашып.  
Шала білетін ұлтымның ұлық тарихын,  
Шалағайлар жүр ата дәстүрден алжасып.

Қасиет қалмай, береке болмай ісімде,  
Қас дұшпан келіп қасықтап қанымды ішуде.  
Қасымхандардың қасқа жолынан адасып,  
Қасқырдай болып ұлиды- ау, үрей ішімде.

Есімнен қалған елді адастырмас ескі жол,  
Есімдегі әлгі ән, «Елім- ай» еміс естілер.  
Есіктен қарап қалмасын қайран қазағым,  
Есілге қонған есіл ерлерім, есті бол!

Тәуелсіздіктің жолында кеше мың өлдік,  
Тәубасын айтып Тәңірге бүгін жүрер жұрт.  
Тәуекел етіп, жеті жұртымның қамын жеп,  
Тәукедей, сірә, жасайтын кім бар бір ерлік?!

Залалы тимей заманды мынау кім күштер?  
Заңғар таулардай бола алар ма екен «білгіштер»  
Заманалардан қазақтың заңы – дәстүр ғой,  
Заң бұзғандардың бәрі де, ендеше, қылмыскер.



## Еркін Оралбай АТА ЗАҢ


Шыққандай қуып қараңғы түнек түнді күн,  
Азаттық келген ұмыта алар күнді кім?  
Өмірге жаңа қадамын басып сеніммен,  
Тәуелсіз ел айқара ашты түндігін.

## Абдрахман Асылбек ТІРІЛСІН ДЕСЕК ТІЛІМІЗ

Тірілсін десек тіліміз,  
Түрілсін десек түніміз,  
Болуы керек бұлтақсыз  
Ата заңымыз – піріміз.  
«Мемлекет тілі – қазақ тілі»,  
Дегені қандай ғажап бұл!  
Орыстың тілі тең түрде  
Қолданады деуі ағат бір.  
Орыстың тілі былай да,  
Біреуден көмек сұрай ма?  
Басынып бізді біржола,  
Батырған жоқ па лайға?  
Сындырып сана, сағымды,  
Қаншама мектеп жабылды.  
Ұмытып жастар өз тілін,  
Орысша сөйлеп қағынды.  
Қала мен қыстақ, көше де,  
Өзен мен көлдер нешеме  
Өзгеріп кетсе орысша,  
Көгерсін қалай көсеге?  
Сейілген кезде бір қауіп,  
Оралу кері – шын қауіп.  
Біртіндеп жанды жайлаған  
Орыс тіл бізге шырмауық.  
Тілі бар халық – халық қой,  
Тілі жоқ халық – балық қой.  
Мәңгілік тірі мәңгүрт боп  
Сүруің өмір – тамұқ қой.  
Деген ұлт Қазақ бір ғана,  
Анықтар оны тіл ғана.  
Еркіндік алған екенсің,  
Анаңның тілін былғама.



## Жібек Ысқақова АТА ЗАҢЫМ АЙБЫНЫМ!



Сызылып шеті егемен елдің картадан,  
Бостандық алып, іштегі өксік тарқаған.  
Сүйінші сұрап, қуанып жатты қалың жұрт,  
Еңсені езген ауыр жүк түсіп арқадан.

Бағынбас деген заңына елдің жат адам,  
Қалған сөз барды байырғы баба- атадан.  
Белгілеп алып, елтаңба менен көк туын,  
Алғашқы болып басылды тасқа Ата Заң.

Бере қояды оп- оңай ғана теңдік кім?  
Тартуға бауын кез келді қымтай белдіктің.  
Алғашқы болып жазылған құжат Ата Заң,  
Белгісі болды егемен- азат елдіктің.

Елімнің қалды күнінде өткен аза- мұн,  
Бостандық алған жас елге түсер назар мың.  
Қорғаны болар заңменен бекіп Ата Заң,  
Аяқтан шалып, алдыңнан орды қазардың.

Бәйтерек елім жайқала жайған бұтағын,  
Қасымның қасқа жолынан тапқан құт- бағын.  
Заңдардың барлық елімде шыққан жиыны,  
Құранның соңғы қадірлі осы "кітабым".

Тарпаңдай тарғыл жұлқылай үзген жетегін,  
Болса да күшті, сүреді өмір жеке кім?  
Елдіктің нақты белгісі болған осы заң,  
Мойындап бәрі келісім жасар шет елдің.

Қорғаған бабам туған жер дархан бесігін,  
Билері айтқан әділдік тура кесімін.  
Сақтаумен біздер келеміз баба дәстүрін,  
Жаңғыртып ескі салт болған жолын Есімнің.

Береке берген мұнайы, алтын- кен тасы,  
Егемен елдің отызға толды бел жасы.  
Еліме адал қызмет енді етем деп,  
Береді антын қол қойып заңға Елбасы.

Келеді өсіп жастары қазақ жалынды,  
Отаным үшін беремін дейтін жанымды.  
Артайық сенім жасына елдің тәуелсіз,  
Қорғайтын солар, қолдайтын солар заңымды!

Құқығымды жақтаған,  
Жақсы жолға баптаған.  
Ата заңым айбыным,  
Адалдықты сақтаған!  
Мерекенің ұлысы,  
Жылу берер тынысы.  
Ата заңым айбыным,  
Ынтымақтың ырысы.  
Қуат берер қорғаным,  
Сыйлар елге зор бағын.

Ата заңым айбыным,  
Өзің барда тоңбадым.  
Түсініп ой қатасын,  
Сыйлайық заң атасын!  
Ата заңым айбыным,  
Азаттығым жасасын!  
Дұрыс жүрсең бостандық,  
Қадамыңды бассаң нық.  
Ата заңым айбыным,  
Айтып жүрер дастан қып!

Заңмен жүру дұрысы,  
Заңның берік жұмысы.  
Ата заңым айбыным,  
Жан тербейді тұрысы.  
Отызыншы тамызым,  
Мерекенің таңысың.  
Ата заңым айбыным,  
Қазағымның жанысың!

Ата жолын ұсталық,  
Заңға қарсы шықпалық.  
Ата заңым айбыным,  
Адалдықты құпталық!  
Жаса, жаса ата заң,  
Қалған бізге атадан.  
Ата заңым бір сен деп,  
Жүрек жырлап, қатады ән!

Дереккөзі: [Bilim-all.kz](http://Bilim-all.kz); [Zharar.kz](http://Zharar.kz),  
Сурет: [infohub.kz](http://infohub.kz)



# Будапешт қаласында Абай күні аталып өтті

Мажарстан астанасы Будапешт қаласының Варошлигет саябағындағы Астана көшесінде орын алған Абай Құнанбайұлының ескерткіші алдында Абай күніне орай еске алу шаралары өтті.

Салтанатты шараға Мажарстан Сыртқы істер министрлігі Ресей және Орталық Азия департаментінің директоры Габор Надь, Түркі



қорының төрағасы Андраш Гал, Мажарстанда тұратын отандастар мен студенттер қатысты.

Еліміздің Мажарстандағы Елшісі Абзал Сапарбекұлы өзінің алғы сөзінде жиналғандарды, мән-маңызы жоғары, рухани мерекемен шын жүректен құттықтап өтті.

Бас дипломат Мемлекет басшысының шешімімен 10 тамыз «Абай күні» деп белгіленіп, хәкім Абай тек қана Қазақстанда ғана емес, сондай - ақ шет елдерде де еске алынып, түрлі мәдени шаралармен аталып өтілетін жеткізді.

Елші, Шандор Петөфи мажарлар үшін қандай ұлы ақын болса, Абай да қазақ халқы үшін кемеңгер, өзінің тарихи ізін қалдырған ұлы тұлға екенін баяндап берді.

Мажар Жазушылар одағының төрайымы К.Ерөш өз кезегінде, Абай ескерткішінің Будапешт төрінде орнатылғанына 10 жыл толғанын атап өтіп, ұлы даладан шыққан дара перзенттің өлеңдері адамгершілік пен парасатқа толы екенін айтты. Сөзінің соңында ұлы ақынның «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңін мажар тілінде айтып, өлеңдерінің адамгершілік пен гуманизм тұрғысынан маңызын ерекше атап өтті.

ТМҰ мен ТҮРКСОЙ бас хатшылары К.Омұралиев пен С.Раев қазақ десе бірден Абай, Абай десе бірден қазақ халқы еске түсетінін, оның мол мұрасы тек қазақ халқының емес, күллі адамзаттың, түркі әлемінің рухани нәрі екенін айтты.

Шара соңында Абайдың өлеңдері қазақ және мажар тілдерінде мәнерлеп оқылып, «Көзімнің қарасы» әні мажар халқының танымал қоңыр үнді әншісі Тамаш Пальчоның орындауында ұсынылды.

Түрксои ақпаратынан алынды.



мемлекеттері ұйымының Бас хатшысы Кубанычбек Омұралиев, ТүркПА Бас хатшысы Мехмет Эр Суррея, Халықаралық Түркі академиясының президенті Шахин Мустафаев, ТҮРКСОЙ Бас хатшысы Султан Раев, ТМҰ Будапешт қаласындағы Еуропа Өкілдігінің басшысы Иштван Вашари, Мажар Жазушылар одағының төрайымы Кинга Ерөш, «Барыс» мажар - қазақ

# Абай туралы қызықты деректер

Абайдың арғы тегі Арғын ішіндегі Тобықты Олжай батырдан басталады. Атасы Өскенбай шаруаға жайлы, билікке әділ кісі болған деседі. Осы Өскенбайдың әйелі Зеренен Абайдың әкесі Құнанбай туады.

Ал Құнанбайдың төрт әйелі болған. Бәйбішесі – Күнке, одан бір ұл – Құдайберді. Ұлжан болса, Құнанбайдың інісі Құттымұхамбетке айттырылған қалыңдық. Інісі қайтыс болғаннан кейін Құнанбай келінін әмеңгерлікпен алған. Ұлжаннан Тәңірберді, Ибраһим (Абай), Ысқақ пен Оспан, үшінші әйелі – Айғыздан Халиолла мен Ысмағұл деген балалары туады. Абайдың "Атадан алтау, анадан төртеу" дейтіні содан.

Төртіншісі – Нұрғаным. Одан бір ұл туған, бірақ есейіп қалған кезде оны ат сүйреп өлтірген. Бір қыз туған, ол жастай қайтыс болған. Балалары өле берген соң Абайдың Ділдәдан туған Ақылбайды бауырына салып өсірген.

\*Абай Құнанбайұлының шын есімі – Ибраһим. Әжесі Зере "Абай" деп еркелеткеннен кейін Абай атанып кеткен;

\*Алғашқы өлеңін 10 жасында жазды;

\*Абай алғашқы өлеңдерін Көкбайдың атынан жариялап жүрген;

\*Құнанбайұлы көптеген өлеңіне өзі ән жазған. Олардың ішінде кеңінен тарағаны – "Көзімнің қарасы";

\*Абай 13 жасында ел басқару жұмысына араласқан;

\*Алғашқы махаббаты – Тоғжан;

\*Абай Құнанбайұлы 1860 жылы Ділдәмен отау құрған. Ол кезде Абай 15 жаста болды;

\*Абай 16 жасында әке болды;

\*21 жасында болыс болып сайланды;

\*Құнанбайұлы екінші әйелі Әйгерімге 30 жасында үйленген;

\*Еркежан - Абайдың әмеңгерлік жолмен үйленген әйелі. Ол Абайдың інісі \*Оспанның қалыңдығы болған. Еркежан Абайға өз қалауымен тұрмысқа шыққан;

\*36 жасында тұңғыш немересі Әубәкір дүниеге келді;

\*"Семей қазақтары үшін қылмыстық істерге қарсы" заң ережесін әзірледі;


\*Абайдың қара сөздері орыс, қытай, француз және тағы басқа әлемнің көптеген тіліне аударылды.

\*Мұхтар Әуезов Абайдың бала күнінде жаттаған кейбір өлеңдерін кәрілікке жеткен уақытына шейін ұмытпағанын да жазған.

## АБАЙ КҮНІ ҚАЛАЙ БЕКІТІЛДІ

2020 жылы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО мен ТҮРКСОЙ аясында аталып өтті. Оған дейін мемлекеттік комиссия құрылып, мерейтойды дайындау және өткізуге арналған жалпы республикалық жоспар бекітілді.

Сол жылы 4 тамызда үкіметтің қаулысымен Абайдың туған күні мерекелік даталар тізіміне енгізілді. Жыл сайын Абайдың туған күніне орай сан алуан шаралар ұйымдастырылады. Былтыр танымал қазақстандық



әнші Димаш Құдайберген ұлы ойшылдың туған күніне арналған челлендж бастады.

Қазақстанда жүздеген мектеп пен мыңдаған көше ұлы ақынның есімімен аталады. 2022 жылы Абай облысы құрылды. Бір қала мен бірнеше ауылға ойшылдың аты берілді.

20 мыңға жуық қазақстандықтың аты – Абай. Олардың ішінде өзге ұлт өкілдері де бар.

Sputnik.kz,  
Сурет: Vizion.kz; 6 GOV.KZ



## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ «КӘУСАР» ОҚУШЫЛАР САРАЙЫН АРАЛАП КӨРДІ



Қасым-Жомарт Тоқаев Қарағанды қаласының Пришахтинск ықшамауданында таяуда ғана ашылған «Кәусар» оқушылар сарайының қызметімен танысты.

Мемлекет басшысына мұндағы 13 үйірме мен секцияға 1600 бала қатысатыны жайында мәлімет берілді. Оқушылар игілігі үшін орталықта НІ-TECH цех, шығармашылық шеберхана, хореография залы, ART-студия, дыбыс жазу, телевидение және фото студиялары, VR-архитектура және WEB-дизайн кабинеттері, Intellectum-студия, Интернет заттары кабинеті, роботты техника және техникалық шығармашылық зертханасы, STEM-зертхана, музыкалық студия, экологиялық орталық, спорт және ойын алаңдары ашылған.

Жалпы ауданы 3,3 мың шаршы метр болатын ғимарат сапалы қосымша білім алуға қажетті құралдармен толықтай жабдықталған.

Мемлекет басшысы жас ұрпақтың шығармашылық және креативті дамуының мәні зор екеніне назар аударды. Сондай-ақ қоршаған ортаны қорғауға, соның ішінде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын өткізуге баса мән беретінін атап өтті. Президент оқушыларды осы маңызды бастамаға белсенді түрде атсалысуға шақырды.

**Қарағанды қаласы**





# Оқу грантын иеленген үздік оқырман

**Мардан Рахматулла – Түркістан облысы Түлкібас ауданының тумасы. Биылғы қыркүйек айының бірінші жұлдызында он жеті жасқа толатын бозбала елімізде алғаш рет «Үздік оқырманға тағайындалған оқу грантына» ие болды. Бұл грантты Түркістан және Шымкент қалаларындағы іргелі оқу орны – Академик Әбдімұса Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті биылғы оқу жылында тағайындады.**



**Рабиға Әбдімұсақызы,  
Академик Әбдімұса Қуатбеков университетінің  
ректорымен бірге**

арқасында университеттер ұйымдастырған жеті ғылыми-танымдық конференцияларда өз баяндамасын сәтті қорғап шыққан. Бір жылда елуге тарта кітап оқып, оны түрлі кітапханалық іс-шараларда талқылап көпті тәнті еткен.

## **Мардан Рахматулла:**

*Мен өмірде барлық жетістікті, жақсылықты кітаппен байланыстырамын. Кітапты және кітапхананы сүюді атам үйретті. Құдай қосқан көршіміз – Тамаша Османова мен биыл аяқтаған Олег Кошевой жалпы білім беретін білім мекемесінің кітапханашысы. Кітапқа қол жеткізу сол үшін жиырма төрт сағат қол жетімді болды. Ауылдық кітапханада оқырманға ілтипат пен махаббатпен қызмет көрсетеді. Қолдайды. Түрлі танымдық іс-шаралар ұйымдастырады. Маған біліммен бұдан ары жетілуге үлкен мүмкіндік сыйлаған Академик Әбдімұса Қуатбеков университетінің ректоры Рабиға Әбдімұсақызына үлкен алғысымды білдіремін!*

*Айта кетерлігі, Мардан Қанатұлы оқырман болып отырған Түркістан облысы Түлкібас ауданы Тастұмсық ауылдық кітапхананың кітапханашысы -Мейірхан Мейрамбекұлы Топанбай. Еліміздегі қоғамдық кітапханада қызмет атқаратын ерекше қажеттілігі бар сегіз кітапханашының бірі. «Жан шуақ» халықаралық сыйлығының иегері. Кітапханашылық қызметті 2022 жылы бастаған оның да жетістіктері жетерлік. Мейірхан Мейрамбекұлы да кітапханадан алтыс сегіз мың газет-журнал, кәдімгі және брайль нұсқадағы кітаптарды оқып шыққан елімізге белгілі азамат.*

*Кітап оқу – дарынды шыңдау, дұрыс ойлай білу. Осы мақсаттағы әрбір жас қолдауға лайық.*

*Кітапты өмірлік досы деп санайтын Марданға сәттілік серік болсын!*

**Динара Еркінбек**



**Ғазиза Құдайбергенқызы, Ұлттық  
Академиялық кітапхананың директорымен бірге**

Бұл грант – Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың «Оқитын ұлт» жобасын іске асыру әрі 2011 жылы Қазақстан Халықтар достығы университетінің негізін салушы Әбдімұса Мұратұлының бастамасын жаңғырту болды. Грант иегері биылғы жылы Түркістан облысының Түлкібас ауданы Жыланды ауылындағы Олег Кошевой атындағы жалпы білім беретін білім мекемесінің түлегі. Отбасымен оқуға құмар отбасында тәрбиеленген оған кітап оқу – өмірді тану. Өткен жылы «Түлкібас ауданының үздік оқырманы - 2023» атанған жастың таңдаған мамандығы – дене шынықтыру және спорт. Ата- әжесінің бауырында өскендіктен атасы Рахматулла Әлиев үйден арнайы кішігірім кітапхана жасақтап, ауылдық кітапханаға жіберіп отырған. Он бір жыл үздік оқыған кітап құмар жас кітап оқудың

# Димаш Құдайберген Маңғыстаудың туристік әлеуетін насихаттауға үлес қоспақ



Маңғыстау облысының әкімі Нұрдаулет Қиыбай өңірге жұмыс сапарымен келген Халық әртісі Димаш Құдайбергенмен кездесіп, облыстың туризм әлеуеті жайында әңгімелесті.

Кездесу барысында облыс әкімі мемлекет басшысының тапсырмасымен туризм саласында қолға алынып жатқан жобалар туралы айтып, әншіні 2025 жылы Ақтау қаласында өтетін Түркі әлеміне ортақ мерейлі шараға қатысуға шақырды.

– Димаш қасиетті Маңғыстау жерінде сені көргенімізге өте қуаныштымыз. Сенің бұл сапарың – облысымыздағы туризмді дамытуға зор серпін береді деп ойлаймын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Маңғыстаудың туризм саласындағы әлеуетінің жоғары екенін айтып, дамытуды тапсырған болатын. Бүгінде біз бұл салаға тың серпін беру үшін инфрақұрылым мәселесін кешенді түрде шешіп, туристер үшін қызмет сапасын жақсарту бағытында жұмыстанып жатырмыз. Баку және Дубай қалаларының үлгісімен Ақтау қаласының бас жоспарын қайта қарау мәселесін қолға алдық. Туристерді тарту мақсатында «Жылы жағажай» аумағында бірқатар ірі жобалар жасалып жатыр. Бұйырса Ақтауды ірі курорттық орталыққа айналдыру жоспарымыз бар, – деді

Нұрдаулет Қиыбай.

Еліміздің өнерін әлемге танытқан ұлт мақтанышы, талантты әнші Димаш Құдайберген Kazakh Tourism-нің амбассадоры ретінде Маңғыстаудың тарихи – мәдени жерлерін аралап шықты. Киелі өңірдің руханияты, мәдениеті мен туризмін көрсететін деңгейі бөлек туынды әзірлеуді жоспарлауда. Маңғыстау облысына алғаш рет келген әнші өңірдің тұмса табиғатынан ерекше әсер алғанын және мұндағы туристік нысандарды насихаттауға үлес қосуға дайын екенін жеткізді.

– Бозжыраға жақындай бергеннен бастап, керемет әсерге бөлендік. Ертегі әлеміне тап болғандай күй кештік. Сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Туризм саласын дамыту бағытында алған істеріңізге сәттілік тілеймін. Демалыс орындарын дайындау, ішкі, сыртқы туристерді тарту оңай жұмыс емес. Бізде ел мүддесі үшін, мәдениетімізді дамыту бағытында жұмыс істесек одан басқа арман жоқ. Осы елдің баласы болғандықтан барынша қолдауға дайынбыз, – деді Димаш Құдайберген.

Маңғыстау облысы әкімінің баспасөз қызметі,  
Cyber: Ticeton.kz



# Ғани Бейсембаев ауылдық мектептердің жас ұстаздарымен кездесті

Елордада NIS педагогикалық шеберлік орталығының ұйымдастыруымен «Жас ұстаз: Табысқа апарар жол» республикалық форумы өтті. Кездесуде еліміздің шалғай елді мекендерінен келген 300-ден астам жас педагог бас қосты.



беру процесінде жасанды интеллектті қолдану, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру және эмоционалдық интеллектті дамыту туралы мәселелерге тоқталды. Мектеп қабырғасында достық орта қалыптастыру мен педагогикалық қызметте жаңа зерттеулер жасаудың жай-күйіне аса назар аударылды.

Форум жас мамандардың ынта-жігерін арттыру және өз табыс тарихымен бөліскен білім беру саласындағы жетекші мамандармен тәжірибе алмасу үшін үлкен мүмкіндік алаңына айналды.

**Оқу-ағарту  
министрлігінің ресми сайтынан.**

Бейресми форматта өткен жиында педагогтер министрге өздерінің сұрақтарын қойып, білім саласындағы маңызды мәселелер бойынша пікір алмасты. Ғани Бейсембаев өскелең ұрпақтың болашағын қалауға үлес қосатын педагог мамандығының маңыздылығын атап өтті.

**«Педагог мамандығы – бұл қызмет қана емес, еліміздің болашағын қалыптастыру жолындағы абыройлы міндет. Біз балаларымыздың оқуы мен дамуы үшін ең жақсы жағдайды қамтамасыз етуіміз керек», – деді министр.**

Сондай-ақ министр ұстаздық етудің маңызды басымдықтарын, оның ішінде балалармен жұмыс жасау, психологиялық ерекшеліктерді тану, білім



# Түстікбай тоғаны



**Терісайрық өзенінің жайдақ жері Жырғалы қыстағының өр жағынан қолмен тоған қазып, ауылдың сырты Китіңқара тауының бауырымен жүргізіп отырып, Талпындағы егіндікке су шығарған адам – Түстікбай ұста.**

Тарбағатай мен Маңырақтың арасында сұлап жатқан, ұзыны алпыс, ені отыз шақырымды құрайтын алып жазық Шіліктінің күнбатысында сылдырап ағып Терісайрық жатыр. Бұл – Жаңаталап ауылының жері. Сай - саласы бел ассаң, сарқыраған бұлақ болып келетін ағыны қатты, асау өзен көктемдегі қар суымен молайып, ары-бері өткел бермей таситын. Ауылдың аяқ жағындағы қара шаттан ағаш көпір салынған, сол көпір арқылы ғана екі жаққа қатынайтын. Терісайрық өзенінің жайдақ жері Жырғалы қыстағының өр жағынан бастап қолмен тоған қазып, ауылдың сырты Китіңқара тауының бауырымен жүргізіп отырып, Талпындағы егіндікке су шығарған. Бұл 1931-1932 жылдары. Техника күші жоқ ол кезде қалай салған, қандай құдірет суды бұлай ағызған?

Осы жұмысты жүргізген Түстікбай ағамыз дейді тарих. Өзі ұста, шебер, еңбекқор Түстікбай атаның басшылығымен ылди жерлерге кесек тасты қалап отырып, су жырып кетпейтіндей етіп арна жасаған. Арнаның су жүретін деңгейін сынап қойып өлшеп отырған екен. Сол тоған күні бүгінге дейін «Түстікбай тоғаны» деп аталады.

**Тастан өрілген су жүретін тоғанның жалпы ұзындығы – 12 шақырым. 80 гектар жерге егін егіп, аш-жалаңаш уақытта адамдарды ашаршылықтан аман алып қалған бұл тоғанның маңызы айрықша. Ал жанкешті еңбек еткен тоған қазушылардың тас қашап,**

**жер қазып, аш-жалаңаш жүрсе де, ел игілігіне деп жасаған амал-әрекеті кейінгі ұрпаққа айтып жүрерліктей тарихи ескерткіш болып қалды.**

1970-1980 жылдары ауданды басқарған бірінші ауданның хатшысы Зәріпхан Дәукеевтің тоғанды көріп тұрып, тебіреніп: «Пай-пай, шіркін-ай, Тарбағатайдың тоғыз совхозына тоғыз директор емес, мынадай Түстікбайлар керек-ақ екен» деген тамсанысы әлі де ел аузында. Бұл еңбек ете білген, еңбек еткізе білген шебердің өнеріне тәнті болған, өресі биік, ойы жүйрік басшысының тұжырымды ойы.

Түстікбайдың тоғаны секілді болып Жаңаталаптан кейінгі Жаңаауыл ауылының оңтүстік жағын орап Ақай тоғаны ағып жатыр. Бұл тоғанды да қолмен қазып, Қарашаттан қырға шығаруға басшылық жасаған – Ақай Токбайұлы. Колхоздастыру кезінде бригадир, колхоз бастығы болып жұмыстар атқарған Ақай ата сөзі өтімді сыйлы адам болған. Бұл кісі менің сынып жетекшім Әдия апайдың әкесі еді.

Ақай тоғанымен аққан су бүкіл Жамандала даласына жайылып, егін егуге септескен, әлі де солай. Бала кезіміздегі ауылдың екі шетіндегі көпірде суға шомылып жүруіміздің өзі осы тоғанның арқасы болатын.

Ашаршылық жылдары ауылға тоған қазып, су шығарған Түстікбай, Қиябай бабаларымыздың зираты Қаракөмер өңірінде мен мұндалап тұр. Ал Ақай ақсақал ауыл жанындағы қалың қорымда мәңгілік тыныстап жатыр. Жол түсіп барған сайын аттап кетпей, тәу етіп қайтамыз.

**Тоғаннан бөлек, Түстікбай атадан қалған өнеге – қол ұсталығы. Әйгілі шеберден ұсталықты үйренген Қожахмет ісмерлігінен, өнерлігінен қиындық-азап көрмей, ел қатарлы тіршілік етіп, сыйлы азамат атанған.**

**«Осыған баулыған Түстікбай еді деп айтып отырушы еді» дейді Қожахметұлы Елемес ақсақал. Міне, ел басына күн туып, ашаршылық болғанда алғаш құрылып жатқан серіктестік, колхоз тұсында елі мен жері үшін ары мен намысын алға салған азаматтар қай кезде де болған.**



Барқытбел сілемінің екі бұрымындай екі жақтан өрілген тау-жотасын ай! Шіліктідей алып жазықтың бірі батысынан, бірі түстігінен жанай аққан қос тентек Терісайрық пен Қандысуым-ай! Осындай көркем табиғатқа тамсана көз тастаған, осынау туған өлкеге деген іңкәр жүректердің сөзі. Жазығы мен тауы, балдай тәтті, мөп-мөлдір суы мен жайқалған тоғайы, жүз дертке ем болар шырғанағы, өзендегі балығын-ай деп қызығып қимай тұрамыз.

Автор: E-history.kz  
ШҚО, Тарбағатай ауданы,  
Жаңаталап ауданы

**Тоған. Теңіз суынан жағалау бел-белестерімен мүлдем оқшауланып қалған немесе онымен енсіз бұғаздар арқылы ғана байланысты мейілінше саяз табиғи су алабы. Әдетте Тоған 3 – 5 м тереңдікке дейін қазылып немесе кішігірім өзен, бұлақ аңғарына, сай немесе жыраға бөгет салу жолымен жасалынады.**

Дереккөзі: «Уикипедия» ашық энциклопедиясы

# ТАРИХ – ӨТКЕННІҢ ШЕЖІРЕСІ, БОЛАШАҚТЫҢ БАҒДАРЫ

**Шәкірт жадында өткенімізді сақтап, бүгінгімізді дәріптеп, болашаққа нық сеніммен баруы – тарихымызды тереңінен білуіне байланысты.**

Тарих пәніндегі халқымыздың өткені мен бүгінге дейін өмір сүрген кезеңі, еліміз Тәуелсіздік алған 1991 жылдан бергі жаңа Қазақстан тарихын оқушыларға ұқтыру бір ғана сабақпен, тапсырмалармен шектеліп қалмайды. Сабақ басталған сайын оқушылардың ойын сергітіп алу үшін жоғарыда айтып өткен тарихымызды қайталаймыз. Мектепте 5,8,10 және 11 - сыныптарда өтетін сабақтарымда тарихи деректерді шәкірттердің жас ерекшелігіне қарай келтіріп, кейбір мәліметтерді дәптерлеріне жаздырып отырамын. Шежіремізді жадында сақтамаған ұрпақ алға қарай адым жасағанымен, алысқа бармайтынын да өмір дәлелдеп отыр. Ұрпағымыз қателеспес үшін оларды төл тарихымызды оқудан жалықтырмауымыз қажет.

«Сабақ өту жай ғана шеберлік емес, ол - жаңадан жаңаны табатын өнер», - дейді Ж.Аймауытов. Тарих пәнін география, математика, әдебиет пен бейнелеу өнері пәнімен байланыстырып өткізуді тәжірибеме айналдырдым. Пәнаралық байланыс - оқытудың қазіргі кезеңдегі ең көп



Тарихымыз – біздің ауызша және жазбаша әдебитіміз. Бейнелеу өнері де тарихтың бір тармағы. Тарихымыз – ең алдымен көне дәуірде таңбалы тастарда, балбал тастарда сурет арқылы салынған. Айтатын ойын тасқа қашап, қалдырған. Елімізде ерекше мемлекет қорғауына алынған тарихи ескерткіштер қатарына Күлтегін жазулары, таңбалы тастарды атаймыз. Сондықтан, оқушылармен жиі саяхат сабақтарын ұйымдастырамын. Бұл сергіту сәті.

Тарих пәнінен мектепішілік ашық сабақтар өткізудемін. Атап айтсам, 8 – сыныпта зерттеу сабағы негізінде «Қазақстандағы ұлттық автономиялар», «1920-1930 жылдардағы саяси репрессиялар», Алматы облысы мектептері бірлесіп өткізген облыстық семинарда 10 - сыныпта «Мәдениеттің қазіргі кезеңдегі дамуы» - атты тақырыпта ашық сабақ өткіздім. Облыстық мектеп директорларының семинары біздің Ж.Қайпов атындағы мектепте өтті. Өткізген сабақтарымның бірнешеуіне ғана тоқталдым, өйткені, барлық сабақтарды тізіп шығу мүмкін емес.

Біздің мектептің ұстаздары ұйымшыл орта. Жастардың өзін ұстаз ретінде дәлелдей алуына көп мүмкіндік жасайды. Ұстаздар арасында креативті жаңашыл ұстаздардың тәжірибесінен үйреніп келемін. Әрине, әр істің өз кемшілігі бар. Бұл ретте мектептің тәжірибелі ұстаздары ақыл - кеңесін айтып, алдағы уақытта жіберген кемшіліктеріміздің орнын толтыруға қол ұшын береді. Қолдау көрсетеді. Мектептегі менің ұстаздық еңбегім бағаланып, аудандық білім бөлімі мен облыстық білім басқармасының Алғыс хатына 2023 2024 жылдары қатарынан екі рет ие болдым. «Тәуелсіздік дарыны» атты республикалық байқауға оқушымен қатысып, I дәрежелі дипломмен марапатталдым.

Білім беріп келе жатқан оқушыларым да олимпиада, байқауларға қатысып, жүлделі оралуда. 11- сынып оқушысы Асқар Жарас «Қазақстан тарихынан» аудандық пән олимпиадасына - 3 орынды иеленді. Жолабасов Алихан VI республикалық «Менің шағын - Отаным» олимпиадасының аудандық кезеңінен – 3 орын алса, 10 - сынып оқушысы Мәлс Данияр «Тәуелсізлік дарыны» атты республикалық байқауда I - дәрежелі дипломға ие болды. Оқушының жетістігі – ұстаз еңбегінің жемісі. Тарих пәні өткеннің айшықтап қалдырған парақтары ғана емес, бүгінгі Тәуелсіз мемлекет орнатуға салынған даңғыл жол.

**МАМЫРБАЕВА Аяулы Елтаевна,  
Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы,  
«Ж.Қайпов атындағы орта мектеп» КММ  
тарих пәнінің мұғалімі**



қолданылатын үрдістерінің бірі. Ол пәндер арасындағы заңды байланыстылықты реттейді, оқушылардың алған білімдерінің бір-бірімен сабақтастығын бір жүйеге келтіреді. Пәнаралық байланыс оқушылардың меңгерген білімін кешенді түрде пайдалана білуге жол ашады. Пәнаралық байланыстың алдына қоятын мақсаты сан алуан.

География пәнімен байланыстылығы – еліміздің тарихи орындарына, археологиялық қазба жұмыстары жүріп жатқан аймақтардағы деректерді айта келе, облыстарда өмір сүрген адамдар жайлы пікір алмасамыз. Математика сабағымен байланыс – біздің шежіреміз түгел цифрлармен сөйлейді.

# Бастауышта математика сабағына қызығушылық – ойындарға оқушыны белсенді қатыстыру арқылы артады

Математика пәнін күрделі пәндер қатарынан санаймыз. Соған қарамастан, математиканы бастауыш сыныптағы барлық оқушының меңгеруі үшін түрлі әдіс – тәсілдерді қолдану арқылы оқушыларға тез ұқтыруға ұмтыламын. Бастауыш сынып баласы үшін математика бұл – ойын. Түрлі ойындар арқылы санға, санауға, сандардың қосындысын шығаруға үйретіп келемін. Шығарған есептерінің дұрысын айтып, мақтап, қате тұстарын көрсетіп отырамын. Бұл ретте ойнаса да, есептердің жиынтығын

игеруіне мүмкіндік жасайды. Математикалық білімін жоғарылату мақсатында шеберлік сабақтарын, ашық сабақтар, тәрбие сағаттарын жиі өткізудемін. Оқушылардың ұжымдық топтасуын, ұжым болып қиын жағдайдан шығу жолдарын, қиын сәтте бір – біріне көмектесу, қол ұшын беру, достықты бағалау, құрметтеуді сабақ барысында қалыптастыруға тырысамын. Оқушының математиканы тез меңгеріп кетуіне ұмтылуы – ұстазға байланысты. Сабақты түсіндіріп болған соң, міндетті түрде оқушылармен кері байланыс орнатамын. Сол кезде шәкірттерімнің пікірлерін тыңдай отыра, өткізген тақырыпты ұққан, ұқпағанын білемін. Соған байланысты сабақ өткізу әдісін түрлендіріп, жаңаша өткізіп келемін.

Итальян философы, математик, физик, механик және астроном, табиғаттану ғылымдарының негізін салушы, өз заманындағы ғылымға өте қатты әсер еткен Галилео Галилей «Әлем математика тілімен бейнеленген» - деп айтып кеткен. Мақсатым, шәкірттерім мектеп бітіргенше менің математика пәнінен берген білімімді одан әрі жақсы оқып, болашақта өз мамандықтарын дамытуға, сол арқылы еліміздің қай саласына жұмысқа орналасқан да машықтанып, ой – армандарына жетуіне тілектеспін. Жылдар жылжыған сайын бастауышты орта буынға шығарып салып, жаңадан бірінші сынып оқушыларын қабылдап, оларға білім негізі зердесіне қалануына бар күш – жігерімді жұмсай беремін.



қате шығарған балалардың есімін атап, құрбыларының көзінше қатесін айтып, бетіне басу – оқушының жеке басын көпшіліктің көзінше намысына тию болып саналады.

Математикадан өткізілген бірнеше тақырыпқа тоқтала кетейін. «5-ке көбейту кестесі». Мақсаты 2.1.2.4.\*\* 2, 3, 4, 5 сандарына көбейту кестесін құру, білу және қолдану. 2.1.1.5 50-ге дейін 3, 4, 5-тен топтап тура және кері санау, жұп/тақ сандарды ажырату/заттар тобын 6, 7, 8, 9-дан тең бөліктерге бөлуді көрсету. Психологиялық ахуал: Білім алушыларға айна беріледі.

Білім алушы айнаға қарап өзінің бір жақсы қасиетін айтады.

2. Өткен сабақты пысықтауда Саққұлақ әдісін қолдандым.

Бір оқушы Саққұлақ болады. Сыныптағы білім алушылар 4-ке көбейту кестесін сұрайды. Егер Саққұлақ дұрыс жауап берсе, сұрақ қойған білім алушы оң жағына, дұрыс жауап бермесе сол жағына тұрады. Бағалау 10 баллдық жүйемен жүргізілді. Бал алған білім алушы домбыра тиегін жылжытып отырады. «Шыбын ұрғыш әдісі».

Бекіту. «Күн мен түн» ойыны арқылы өтті. Мұғалім түн дегенде білім алушылар партаға басын қойып жатады. Мұғалім мысал оқиды. Мысалы 5\*3 Мұғалім білім алушылардың жанына келіп жауабын сұрайды. Дұрыс жауап берген білім алушының жанына келгенде күн деп сол білім алушыға балл беріледі. «Қолшатыр» ойыны да оқушыларға қызық.

Математика пәнінің мұғалімі өз білімі деңгейінде ғана қалмай, біліктілігін ұдайы арттырып, сабақ беруде жаңа технологиялар жетістіктерін пайдаланып, оны оқушының

**КАЙЫНБЕКОВА Қарлығаш Оспановна,**  
Алматы облысы, Енбекшіқазақ ауданы,  
«Еңбек орта мектебі –  
Өрнек бастауыш мектебімен»  
КММ бастауыш сынып мұғалімі





# Қазақтың компасы

**Мал шаруашылығын негіз еткен ертедегі қазақ халқы шөптің шүйгінін, судың тұнығын қуалап көшіп отырған. Сонда да әр жерді бір мекендемей, қыс қыстау, жаз жайлауын, күзеулігі мен көктеулігін алдын ала жер шалып белгілеп, төрт маусымның ең лайықты шағында сол жерлерге көшіп отырған. Төрт түліктің күйін күйттеген халық күндіз демей, түн демей көшіп-қонып, жоғын іздеп, малын өрістетіп отырған. Сөйтіп жүріп біздің халық табиғатпен ерекше етене болған. Соның айғағының бірі – астрономия. Аспан әлемін академиялардың айналасында емес, ақ даланың төрінде жүріп-ақ зерттеп, жұлдыздарға қарап-ақ ауа райын болжап отыратын болған. Ендеше Жақып Мырзаханның «Қазақ әдебиетінің айдыны» (Шыңжаң жастар-өрендер баспасы, 2006 ж.) атты кітабына негізделе отырып халық астрономиясына шолу жасап көрейік.**

Қазақтың компасы аспандағы жұлдызы еді. Сол жұлдыздарға қарап бағыт-бағдарын айырған. Әр біріне жеке-жеке ат қойып қана қоймай, кейбір жұлдыздар жайлы өлең, ертегі, аңыз, мақал-мәтел, жұмбақ шығарған.

Ертедегі астрономия ғалымдары өздері күзеткен жұлдыздардың аспандағы орнына негізделіп бір жұлдыз тобын бір жұлдыз шоғыры етіп белгілеген. Сөйтіп аспандағы жұлдыздарды 88 жұлдыз шоғырына бөлген көрінеді. Жай көзбен күзеткенде күн бейне көк аспанның жерге жақын бергі бетінде айналып жүргендей көрінеді. Бір жылдың ішінде күннің айналу жолындағы басып өтетін орындары да үздіксіз өзгеріп отырады. Күннің айналыс орбитасында 12 жұлдыз шоғыры бар. Күннің әрбір жұлдыз шоғырын басып өтуіне шамамен 30 күн уақыт кетеді. Күн айналып белгілі бір жұлдыз шоғырының тұсына барғанда күннің қалқасында қалып, көрінбей қалады.

Ертедегі гректіктер күннің айналыс орбитасындағы 12 жұлдыз шоғырын жануарлардың атымен атаған. Қазақ календарындағы жұлдыз шоғырларының аттарының бірнешеуінен басқасының аты гректердің

қойған аттарымен ұқсас.

Қазақ календарындағы 12 жұлдыз шоғырының жер шарының айналу бағыты бойынша келетін рет-тәртібі мынадай: Шаян жұлдыз шоғыры (қаңтар), Арыстан жұлдыз шоғыры (ақпан), Бикеш жұлдыз шоғыры (наурыз), Таразы жұлдыз шоғыры (сәуір), Сарышаян жұлдыз шоғыры (мамыр), Мерген жұлдыз шоғыры (маусым), Ешкімүйіз жұлдыз шоғыры (шілде), Сукүюшы жұлдыз шоғыры (тамыз), Балықтар жұлдыз шоғыры (қыркүйек), Тоқты жұлдыз шоғыры (қазан), Торпақ жұлдыз шоғыры (қараша), Егіздер жұлдыз шоғыры (желтоқсан).

Қазақтың ең үлкен жол бастаушы жұлдызы – Темірқазық. Оның орны өзгермейтін болғандықтан да аты солай қойылған. Яғни ол кіші аю шоқжұлдызындағы екінші жұлдыздық шамада көрінетін жарық жұлдыз. Темірқазық Жераршының солтүстік полюс нүктесіне өте жақын орналасқандықтан да үнемі солтүстікті көрсетіп тұрады. Темірқазықтың екі жағында Ақбозат, Көкбозат ат деп аталатын екі жұлдыз бар. Аңыздарда Ақбозат пен Көкбозат сол Темірқазыққа арқандалып қойылған делінеді.



Жетіқарақшыны қазақтар аспанның сағаты деп есептеген. Шөміш пішіндегі жеті жарық жұлдыз аспанның Солтүстік жарты шарындағы үлкен аю шоқжұлдызының ең жарық жұлдыздары. Ол Темірқазықты жердің өз өсінде айналуына орай әр күні айналып жүргендей көрінеді. Күзді күні ұзақ таңдарда қой күзетушілер Жетіқарақшының орнына қарап кезектесіп қой күзеткен екен.

Қазақтар марсты қызыл жұлдыз, кометаны құйрықты жұлдыз деп атаған. Қыс күндері құйрықты жұлдыз көрінісімен малдарын қоралаған. Түнде қой күзетіндегі күзетшілер шолпан жұлдыз туысымен таңның атқанын аңғарған.

**Қазақтар Юпитерді Есекқырған деп атаған. Есекқырған – Күн жүйесінің бесінші ғаламшары. Ол Қызылжұлдыз бен Сатурн (Қоңырқай) ғаламшарларының арасында орналасқан. Халқымызда ол туралы аңыз да бар. Аңызда былай делінеді: ертеде есекке мінген бір жолаушы Есекқырғанды көріп шолпан туған екен деп шатасады да, таң атуға жақын екен деп ойлап есегін отқа қоя береді де өзі алаңсыз ұйқыға кетеді.**

**Сөйтіп есегін қасқыр жеп кетеді.**

**Халқымыз Меркурийді бірнеше түрлі атаған. Оның Арқар, Үшарқар, Таразы деген аттары болған көрінеді. Шілденің ақыры Үшарқар көрінсе, жаздың аяқталып, күздің басталғанын білдірген. Халық арасында «Таразы туса таң салқын, бидай-тары піседі» деген мақал содан қалса керек.**

Арқар жұлдызынан оңтүстікке қарай түзу сызық бойлап қарасақ жарқыраған Сүмбіле жұлдызын көреміз. Сириусты қазақтар Сүмбіле деп атаған. Ол үлкен Арлан шоқжұлдызында, аспанның орталық жарты шарына орналасқан. Халқымыз Сүмбіле туысымен жаз өтіп күн суытады, шыбынсыз қоңыр күзде мал жақсы семіреді дейді. «Сүмбіле туса су қатар», «Сүмбіле туар сүмпийіп, ат семіреп құнтиып» деген мақалдар содан шықса керек. Бұл мезгілде ел астығын қамбалап, шөбін жинап, отынын даярлап қыстың қамына кірісетін болған.

Үркер шоқ жұлдызына қарап ауа райының көптеген өзгерісін алдын ала болжап отырған халқымыз күн айналып Торпақ жұлдызы шоғырына барған кезде Үркердің көрінбей қалатынын байқаған. Бұл мезгілді шілде деп атаған. Үркер мен айдың қозғалысы бір түзу сызық үстіне келген осы айдың бірінші күні жел соғу, жаңбыр немесе қар жауу сияқты өзгерістер болған. Егер бұл күні ондай өзгеріс болмаса сол ай жайлы болады деп есептеген. Маусымның соңы, шілденің басында

Үркер көрінбей кетеді. Ел мұны «Үркер жерге түсіпті», Үркер жерге түспей күн жылымайды деп айтады. Ал Үркер жерге түскен 40 күнді шілденің шілінгірі деп атаған. Үркер суға түссе жауын-шашынды, құрғаққа түссе жел көп болады. Ал тасқа түссе күн аптап ыстық болады деп есептеген. 40 күннен кейін Үркер қайта көрінген кезде өсімдік тамыр тартуын тоқтатып, жеміс бере бастайды. Осылайша көшпенді қазақ Үркердің қозғалысына қарап малының күйін күйттеп, жағдайын жасап отырған. «Үркер жерге түспей жер қызбайды», «Үркерлі айдың бәрі қыс» деген мақал осыдан қалса керек.

Үркер мен айдың тоғысуына негізделген ерекше ай санағы бар. Ай мен Үркер бір жылда 13 рет тоғысады. Мұның ішінде екі реткі тоғысу құбылысын жай көзбен көруге болмайды. Бұндағы себеп, Үркер шамамен 40 күндей уақыт «жерге түседі». Ай мен Үркердің бір реткі тоғысуынан келесі реткі тоғысуына дейін 27, 32 тәулік немесе 27 тулік 8 сағат уақыт кетеді. Қазақ халқы ертеде осындай тоғыс ай есебінен пайдаланған. Мұндай календар ай ылғи әр айдың тақ жаңасына (1, 3, 5, ...) тоғайды деп қарайды. Егер тоғысу айдың жұп жаңасына (2, 4, 6, ...) тура келіп қалса. Үйреншікті әдет бойынша оны кейінгі тақ айға қосып жібереді. Мысалы, егер тоғысу айдың жұп жаңасы 8-іне тура келсе, сонда да шартты түрде «бұл ай 9 тоғыстың айы еді, бірақ күн ауысып 8-іне тоғап қалды» деп ескертіп отыратын болған. Бұны қазақта айдың тоғыс есебі деп атаған.

**Ал ортақ қолданылып жүрген календар мен күн календары өте ұқсап кетеді. Бұл жұлдыз календары деп те аталады. Мұнда 12 аймен тең болған эклиптиканың 12 ордасы ойластырылған. Ортақ қолданып жүрген календар бір жылда 12 ай, бір айда 30 күн бар деп есептейді. Мұнда 3 ай, яғни 90 күн бір маусым болады. Осылайша есептегенде бір жылда 360 күн болады. Бірақ жаңаша календармен есептегенде бір жыл 365 күн болу керек (толық жыл 366 күн болады). Ертеде парсылықтар кем қалған бес-алты күнді тамыз немесе мизан айына қосып, бұл күндерді «жасырын қосылған күндер» немесе «толықтама күндер» дейді. Соғдылар «жасырын қосылатын күнді» сол жылдың соңғы айларына қосады. Ал қазақтар кем қалған 5-6 күнді жаңаша жыл есебіндегі мамырдың соңғы күндеріне қосады әрі бұл кем қалған бес күнді «бес қонақ», «бес арқар» немесе «бес байтал» деп айтады.**

**Автор: Майгүл СҰЛТАН,  
«Қазақстан тарихы» порталы**

## БІР ҒАНА ТҰРҒЫНЫ БАР ҚАЛА

Естімеген елде көп. АҚШ-тың Монови қаласында бір ғана адам тұрады.

Бұл шаһарда 1930 жылдары 150 адам өмір сүрген. Кейін жергілікті тұрғындар басқа қалаларға көшіп, 2000 жылғы санақ кезінде мұнда тек 2 адам қалады. Олар ерлі-зайыпты – Руди мен Элси Эйлерлер. Руди мырза 2004 жылы қайтыс болып, оның әйелі бұл жердің жалғыз тұрғынына айналды. Ол әкім ретінде қызмет етеді, сондай-ақ төрт көшені жарықтандыруға байланысты өзіне-өзі салық төлейді.

Егемен Қазақстан



## ӘЛЕМ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР



1. Әлемдегі ең көп тілді мемлекет - Үндістан (415 тіл).
2. Ұлыбританияда күл ұстау 2010 жылдың 15 сәуіріне дейін заң бойынша қылмыс деп есептелмеген.
3. XII ғасырда салынған Лувр мұражайы 1793 жылы мұражай атағын алды.
4. 1899 жылы 8 тамызда Альберт Маршалл тоназытқышты ойлап тапты.
5. 1938 жылы алғаш қаламсап шығарылды.
6. Алқ киімге арналған бау 1790 жылы Ұлыбританияда ойлап табылған.
7. Француздардың ең үлкен ұлттық мейрамы Бастилия қамалының алынған күні (14 шілде 1789 жыл).
8. Бразилия мемлекеті футбол тарихында 5 рет чемпион болды (1958, 1962, 1970, 1994, 2002 жылдары).
9. Ең қысқа жердің атауы "А" деп аталады, Швеция мен Норвегияда орналасқан.
10. Әлемдегі ресми Астанасы жоқ жалғыз мемлекет- Науру.



## ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ҚИЫН 8 ТІЛ

Адамзаттың зейіні мен зердесі зерттеулерге құштар. Жаратылыс иелері жаңа ашылулар мен әлемнің тылсым таңғажайыптарын талдауға ынталы. Біз үшін дүниенің құпиясын ақтарып, сан қырын сарапқа салу айтарлықтай қызық. Сондықтан, адамның ұшқыр ойы ең, ең деген құбылыстардың топтамасын тарих беттеріне бедерлеуді де ұмыт қалдырмаған. Жер ғаламшарының түкпір-түкпіріндегі елең еткізер айрықша оқиғалар, іс-әрекеттер мен ерекше дүниелер «Гиннесс рекордтар кітабына» тіркеліп отырады. Сонымен бірге, ғалымдар да өз бетінше жекелей зерттеулер ұсынуды үзбеген. Сондай қызықты деректердің бір парасы АҚШ тіл зерттеу департаменті ұсынған - әлемдегі үйрену ең қиын 8 тілдің рейтингі.

Аталған департамент ғалымдары үйрену ең қиын соғатын тілдің көш басына қытай тілін жайғастырған. Күншығыс елінің ана тілі бұл тізімде бірнеше кретерий бойынша топ басында. Оның алғашқысы, иереоглифтердің көнелігі. Бір сөз – бір иереоглиф. Олардың фонетикалық дыбысталуы да ұқсас. Мәселен, қытай тіліндегі «ши» сөзі 36 мағынаға ие.

Рейтингтің екінші тұғырында - араб тілі. Бұл тілдің өзгешелігі сөйлем оңнан солға қарай өрнектеледі. Сонымен бірге, әріптердің басым бөлігі сөздегі орнына қарай 4 түрлі құбылады. Тілдегі диалект сөздердің көптігі де тіл үйренушілерге қиындық тудырады.

Зерттеушілер ұсынған үйрену біршама қиын тілдің үштігін шығыс Амазонканың тілі – туюка

түйіндейді. Бұл тілдегі ең таңдай қағатын тұс – қарапайым заттық мағынаны білдіретін зат есімнің кластары 50-ден – 140-қа дейін шарықтап тұр.

Басқа тілдерге қарағанда меңгеруге көбірек күш жұмсайтын тілдің төрттігі венгр тіліне тиесілі. Венгир әліпбиіндегі дауысты дыбыстар мен жұрнақтардың көптігі сөздерді есте сақтауды қиындатады.

Топ бестікті жапон халқының тілі аяқтайды. Бұл тілде сөздердің жазылуы мен айтылуында айтарлықтай айырмашылық бар. Сондай-ақ, жапон жазу үрдісінде 3 нұсқа қалыптасқан.

Навахо – бұл таңғажайып тіл екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде радио арқылы хабарлама таратудың коды ретінде қолданылған. Жапондықтар қанша тер төксе де тілдік кодты анықтай алмаған. Навахо тек қиын болғандығымен ғана емес, тілді үйренуге арналған материалдардың тым аз болуымен де күрделі.

Эстон тілінде септіктің 12 түрі бар. Бұл басқа славян тектес халықтарға қарағанда екі есе көп. Сондай-ақ, ережелеріндегі ерекше жағдайлар мен бір сөздің бірнеше мағына беруі де тілді үйрену процесін қиындатады.

Баск тілі – еуропадағы ең ежелгі тіл. Баскілерді кез келген үндіеуропалық тілмен байланыстыру мүмкін емес.

Айта кетерлігі, адамның алғырлығы мен ақылы ден қойса бірнеше қиын тілді қатар, еркін меңгергенін көз көріп, құлақ естіп жүр.

Adyrna.kz



# «Мен осы жүрісіммен-ақ бақытты, азат адаммын»

## Шәмші Қалдаяқов жайлы аяулы естеліктер

Бұл күндері композитор Шәмші Қалдаяқовтың атына Ұлы деген сөзді қоспай айту кімге де болса да үлкен сын болар еді...

*Бүгін – 15 тамыз. Демек, бүгін – қазақтың көрнекті сазгері, қазақ мәдениетіне өлішеусіз үлес қосқан тұлға Шәмші Қалдаяқовтың туған күні. Иісі қазаққа өзінің біраз әнімен танылған оның өнер тарихында ойып тұрып алар орны жайлы сөз етпеу айып та шығар. Міне, осыған орай бүгінгі күнге арнайылап, оның жанында бірнеше жыл жолдас болған Әлімғазы Дәулетқан атамыздан сыр тартып, сұхбат құрған едік. Ендеше, вальс королі атанған Шәмші жайлы естеліктерді қадірлі оқырман қауымның назарына ұсынып отырмыз!*

— Әлімғазы ата, сіздің тарихшы, ғалым екеніңізден бөлек, қазақтың маңдайына біткен композитор Шәмші Қалдаяқовпен кезінде бірге жүріп, аға-бауыр болып араласқаныңызды жақсы білеміз. Бүгін сізбен сол Шәмші Қалдаяқов хақында әңгіме өрбітсек деп едік. Алдымен, Шәмші Қалдаяқовпен таныстығыңыз жайлы айтыңызшы. Ұлы композитормен таныстығыңыз қашан әрі қалай басталды?

— Бұл күндері композитор Шәмші Қалдаяқовтың атына Ұлы деген сөзді қоспай айту кімге де болса да үлкен сын болар еді. Мен Шәкең туралы біраз естеліктер жазғанда, халқымыздың біртуар азаматы Бауыржан Момышұлының: «Дара тұлғалар туралы сөз қозғап, ой толғарда, ең бірінші осы кісіні жазуға моральдық хақым бар ма?» деген сұрақты қою керек. Бұл – образға барар жолдағы естен шығармайтын шарттың бірі ғана...» деген ұлағатты сөзін басшылыққа алуды жөн көремін.

— 10 жылға жуық аралас-құралас болдыңыздар ғой. Ол кісінің шарапатын көп көрдіңіз бе?

— Иә, өзің айтпақшы, Шәкеңмен 10 жылға таяу аралас-құраластығымызды еске алсам, ұлы тұлға туралы ағынан жарыла айтар сөзімнің аз емес екенін білемін.

Менің 1969 жылдан бүгінге дейінгі өмір белестерімдегі басты оқиғалар, тұлғалар жөніндегі жазған күнделіктерім бойынша жазған «Жақсыдан көрген шарапат, жаманнан көрген кесепат» жөнінде екі томдық естелік кітабымда Шәкең қатысты естен кетпес сәттерім аз емес. Соның бірі 1981 жылы (танысқанымыздың екінші жылы) еді. Менің өмірімдегі аса бір күйзелісті сәттерімді Шәкеңе шағынып айтқанымда, ол кісі менің жағдайымды толық түсінгеннен болар, өзінің 1981 жылы «Өнер» баспасынан шыққан «Менің Қазақстаным» атты кітабын естелікке бергенде былай деп жазған екен: «Кейде тауықтардан да төмен ұшатын қыранның сәттеріндей сәттер бар. Ал тағдыр қыран қылып жаратқан абзал бауырым Әлімғазыға «тауықтың қырандай көрінгенімен» қыранның көтерілген биігіне көтеріле алмайтыны сөзсіз. Менің келінім емес, қарындасым, аққулармен мінездес Мәрияшқа ағалық ізгі ниеттен. Шәмші Қалдаяқов. 29.05. 1981 жыл. Шұбар селосы. Бөген ауданы».

Мен Шәкеңмен алғаш рет 1979 жылдың күзінде, сол

кездегі Шымкент облысына қарасты Бөген ауданының (қазіргі Ордабасы ауданы) Шұбар (Чубаровка) селосында кездейсоқ кездесіп, атүсті танысып қалып едік. Біздің танысып, араласуымызға менің досым, әуесқой композитор Сүгірәлі Сапаралиев себепкер болды.

Біз сөйлесе, араласа келе, жақындасып, бара-бара сыйлас аға-іні, сырлас-мұңдас дос болып кеттік. 1982 жылдан былай қарай менің өмірімдегі бір шырғалаң жағдайларға байланысты



тіпті жақындасып, нағыз қамқоршы, қормалыма айналып кетті. Ол – бір өз алдына жазылар ұзақ әңгіме, кезі келгенде айта жатармыз. Жоқ, міндетті түрде жазамын, өйткені кейінгі өмір соқпақтарыма апарар бұрылыс – Шәкеңнің бір сөзінен, бір ғана шарапатты қамқорлығынан басталған болатын.

Мен ол кезде Шұбар селосындағы №146 СПТУ-дың (селолық кәсіптік-техникалық училище) филиалдар меңгерушісі болып істеуші едім. Менің жұмысым тек жылдың аяғында, жиын-терім аяқталғанда басталып, келер жылдың наурыз айына дейін қарбалас болатын. Жылдың қалған айларында негізінен қолым бостау еді.

Шәкеңмен танысып, араласқалы бері кейде бірнеше күнге, кейде апталап дегендей жұмысты, үйді ұмытып, ел аралап, қонақтан қонаққа кете баратынды әдетке айналдырып алдым. Сол тұста біздің училищені қазақтың жаны жайсаң, ер көңілді, сауықшыл Бақтай Шәметов деген жігіт басқарушы еді. Бір



Әлімғазы Дәулетқанның жеке мұрағаты

кездескенде Шәкең директорға қалжың-шыны аралас: «Ей, Бәке, мына орынбасарың жұмыста болмай қалса іздеп, ұрсып әуре қылма, менімен бірге кеткен екен ғой дей сал, жарай ма?», – деп ескертіп қойған.

Обалы кәнеки, Бақтай шынымен-ақ, менің жүген-ноқтамды сыпырып қоя бергендей алаңсыз қыдыра беретін болғанмын. Біз уақытты тек ел қыдырып, ішіп-жеп, жыр-думанмен ғана өткізбеуге келісіп едік. Орайы келгенде, көбінше жол үстінде белгілі тақырыптар бойынша әңгіме-дүкен құрып, кейде пікір таластырып, ой жарыстырып дегендей жол қысқартуды әдетке айналдырып алғанбыз.

— **Оның адами болмысы сіздің көңіл дәптеріңізде қалай сақталды? Және бір естеліңізде оның ұлы сазгер ретіндегі бір арманы орындалмай кеткенін жазасыз. Бұл туралы кеңірек айтып берсеңіз...**

– Шәкеңнің "05 Жигули" машинасындағы радиосынан «Шалқар» бағдарламасы бойынша концерт беріліп жатқан. Роза Бағланова апамыз Шәкеңнің «Ана туралы жырын» әсем де ерке назды үнімен майын тамыза орындап шықты.

– Паһ, Розаның дауысындай дауысы бар әнші енді қайтып тұмайтын да шығар, ә, Шәке? Осы енді қанша тындасам да, жалыққан емеспін. Апамыздың дауысында бір сиқыр бар. Сыңғыры сыңғырға ұласып, наздана еркелей мың құбыла шыққанда, қолқа жүрегің қозғалып, аузыңа тығылғандай, дененді әлдебір сиқырлы дұға, тылсым күш қаусыра, қусыра қысқандай алабөтен күйге түсемін. Сізге қалай әсер етеді, аға? Әлде мен бұйырмаған тәтті тағам буына елтіген кезбенің дәмесін айтып отырмын ба? Әннің иесі ретінде қандай әсерде боласыз, нақтылап айтқанда, дәл қазір қандай көңіл күйдесіз? – деп елбіредім.

Шәкең де алабұрта толқып, толғанып келе жатса керек. Маған біртүрлі ойлы, орнықты жанармен елжірей қарағандай болды да:

– Ой, Роза деген "құдайский" әнші ғой. Тек сахна үшін жаралған қазақтың маңдайына біткен бақ жұлдызы, шолпаны десе болар. Менің ендігі арманым Роза апамның орындауымен жанкүйер қазағымға шүйіншілей жеткізер «Әке туралы жыр» дейтін ән шығару болып қалды. Ол «Ана туралы жырдан» бір кем болмауға тиіс. Сонда ғана менің перзенттік парызым толық өтелген болады. Өй, сен менің әкемді көрмедің ғой. Ол кісі қазақтың оқымаған даналарының бірі еді ғой. Шебер ұсталығы өз алдына, адамгершілігі, уәдеге беріктігі, қанағатшылдығы, бауырмалдығы, діндарлығы қандай мықты болған десеңші! Ол жағынан біз көріп жүрген "советский" зиялылар мен қызыл билетті кеудесін ұрғыштап өкірештеген каменістеріңе мүлдем ұқсамайтын, нағыз періштедей иманы кәміл адам еді. Сондай асыл әкеге, сол сияқты қазақтың оқымаған данышпан әкелеріне арнап бір тамаша ән шығарсам деп жүргелі көп болды. Қара жаным аман болса сөзсіз шығарамын, – деді сөзін нықтай.

Мен ол кісіге де, өзіме де түсініксіздеу бір шарасыздық па, жанашырлық па немесе әлде не алаң көңілмен міңгірлеңкіреп:

– Шәке, оныңыз да жөн ғой, әсілі солай болуы керек-ақ

еді. Өткен, сонау 60-70-жылдардағы шабытыңыз шарықтап тұрған шақта, «Ана туралы жырға» ілесе, «Әке туралы жыр» дүниеге келуі керек еді ғой. Шығармашылық өмірден азды-көпті хабардар, оның ащы толғақты азабын аздап болса да тартып көрген мына пақырыңыз, ендігі жерде, шәу тарта бастаған мына шағыңызда, Аналар рухын шат еткен ғаламат әніңізге деңгейлес әке туралы керемет ән шығара алмай қалмас па екен деп алаңдайды.

Шәкең менің сөзімнің ақырын күтпестен ашулы үнмен:

– Немене, сонда сен шынымен солай ойлайсың ба? Мені таусылып, сарқылып қалған шолоқ өзенге ұқсатқың келді ме? Көресің әлі, көрсетем әлі сендерге таусылғанды... Мен қайтсем де, әке туралы бір тамаша ән шығарамын. Сонда сөйлесем, сен қытаймен, қара мұны өзінше сәуегейсіп, қамқорсынып айтып тұрған сөзінің түрін қара, – деп түкірігіне шашала тоқтап қалды.

– Шәке, – дедім мен, сол үзілісті пайдалана ақтала сөйлеп:

– Шәке сіз бір нәрсені есіңізден шығармауға тиіссіз. Сіз әлдеқашан қазақтың өнер тарихына алтын әріппен жазылып



қойылған айтулы адамсыз. Тіпті, бұдан 10-20 жыл бұрын өліп қалған болсаңыз да, дәл сондай абырой-атақпен ел жадында, өнер тарихында жарқырап тұра берер едіңіз. Менің айтатын дегенім, өзіңіз де менен артық білетін өнер тарихында, әсіресе ұлы сазгерлер тағдырында жазылмаған заңдай бір талассыз ақиқат бар сияқты. Ол дегеніңіз ұлы сазгерлердің шығармашылық ғұмырындағы буырқанған күш-қайраты шалқып, тасыған шабыт жалыны алаулап нұр шашып тұрған айқай жиырма бес пен орда бұзар отызы, қырқа асып шыңға шығар қайран қайратты қырықтарында ғарыштан төгілер ғажайып мұғжизалар тәрізді болса керек-ті. Ал сіз болсаңыз, соның бәрін артқа тастап, өзіңіз арманды өкінішпен шерлене айтатын «Кекілді-айдағы»:

Көшіп жатыр ауылым, қонып жатыр-ау,

Қай айтқаны пенденің болып жатыр.

Қырқасына қырықтың келгенімде,

Арман деген кеудеде толып жатыр, – деп аһ ұрғандай, бір өліара шақта тұрған адамсыз. Ендігі жерде «Ана туралы жырдай» ән шығарамын деп немесе сондай ән шығара алмадым-ау деп өзіңізді зорлап кінәлағандай болмай-ақ қойыңыз. Сіз қалай болғанда да қазақ деген халық барда, оның өлмес өнері барда, сонымен бірге мәңгі жасайтын ұлы композитор болып үлгергеніңіз ақиқат. Сіз енді сол асқар шыңнан төмендеуге тиіс емессіз. Мен соны айтпақшы едім. Ал кәнеки, өзіңіз армандағандай кереметтер дүниеге келіп жатса неге қуанбасқа, неге мақтаныш етіп көкке көтермеске?! – деп едім.

Байқап келемін, қайран Шәкем қатты қорланғандай ызаға булығып, сөйлей алмай жөткіріне берді. Машинаның артқы орындығында отырған менің жұбайым, Шәкеңнің қарындасы Мәриямгүл иығымнан ақырын тартып ескерту жасағандай болды.

Түнгі мезгіл еді, сағат тілі он екіден аунап кеткен. Біз осыдан бір күн бұрын сол кездегі Ленин ауданына қарасты «Турбат» дейтін қазақ-өзбек аралас тұратын ежелгі елді мекендегі Шәкеңе іні болып кеткен Келдебектің үйіне қонаққа барып қайтқан бетіміз болатын. Мені Шәкеңнің «қайтарма шабуылынан» сақтап қалған бір оқыс жағдай, қожанасыр хикаяларына бергісіз күлкілі жағдай туралы айтпай кетуге болмас.

Шәкеңнің "05 Жигули" жүйткіп, Шымкент қаласының қақ ортасындағы №18 почта мекемесінің тұсынан өтіп бара жатқанда, екі жол сақшысы ысқырық шалып тоқтатты.

Ағамыз өзіне тән ұқыптылықпен керекті құжаттарын алып әлгі жас жігіттерге барды. Неге екені белгісіз, ұзақтау тұрып қалды, қолын сермелеп, дауысы қатты-қатты шыға бастады.

Шәкең әдетте өте қарапайым киініп жүргенді ұнатушы еді. Жазды күндері рульде отырғанда үстіне қысқа жең жейде, аяғына сүйретпе шәркей іліп жүре беретін. Қонаққа немесе ресми орындарға киіп барар сәнді киімі мұздай қатталып ілгішке ілінген бойда машинасының артқы орындығына ілініп тұратын.

Сол күні Келдебектің үйінен шығарда өзі айтатындай кәдімгі «шоферлік формаға» көшкен еді. Сырт көзге шынымен оғаш, қораш көрінетініне тіпті мән бермейтін де.

Шәкең күйбендей тез-тез басып келді де, машинаның артқы есігін жұлқа ашып, киім ілгіште тұрған костюмына қол созып жатып күйгелектене:

– Үй мына сүмелек-падсандардың қорлығы өтіп кетті-ау, жеке құжаттарымды көрсетіп. Мен Шәмші Қалдаяқов деген ағаларың боламын десем:

– Өй, аға, сіз де қайдағыны айтады екенсіз, Шәмші баяғыда арақтан өліп қалмап па еді? Фамилиялас біреу шығарсыз. Жол ережесін бұзып алып, ақталу үшін өстіп қайдағыны айтатын адамдар көбейіп кетті дей ме-ау? Мен көрсетейін бұларға баяғыда өліп қалғанды, мына комсомолдың лауреаттық төсбелгісін де біреуден ұрлап алған шығармын...

Апыр-ай, мына надан балалар шынымен Шәкеңді танымай келемеждеп тұр ма, ұят болды-ау, – деп мен де машинадан шығып жүгіре басып бардым да:

– Ей, жігіттер, бұларың не, ұяттарың қайда, көздеріңе не көрініп тұр? Қазақтың ұлы композиторын танымағандарыңмен қоймай, тірідей өлтіріп тастағандарың қай сасқандарың?! Бос сөзді доғарып, ағаларыңнан кешірім сұраңдар. Сауатсыз неме болмасаңдар, колдарыңдағы құжатқа жөндеп қарамайсыңдар ма? Бұл неткен ұятсыз сорақылық деп қатты жекірдім.

Шәкең қатты қорланғандай, ызадан кекештеніп, булығып:

– Ей... ертең генералдарыңа айтып, погондарыңды жұлғызамын, көрсетемін сендерге өліп қалған Шәмшіні... – деп айғайлады.

Құжаттарға қайта үңіле шұқшиған екі сақшы саусағы дірілдеп, дауысы да бұзыла қарлығып, жалынышты үнмен:

— Кешіріңізші, Шәмші аға, бір білместік болыпты, ұятқа қалыппыз. Жұмыстағы бір қу ауыздардың қысыр әңгімесінен сондай бір қаңқу сөздер естіп едік. Кешіре көріңіз, ағатай, – деп Шәкеңді құшақтай шалғайына оралды.

— Қап, мына иттерге дауа жоқ екен, болды, болды, кеттік. Әлеке, тірімізде үйге жетіп алайық, – деп күлді.

Біздің үйге де жақындап қалдық. Мен қалжың-шыны аралас былай деп едім:

— Шәке, әлгі жігіттердің сөзінен не ұқтыңыз? Ал менің ұққаным: олар композитор Шәмші Қалдаяқовты біледі, құрметтейді, бірақ өткен шақпен... Мына 60-жылдары дүниеге келген ұрпақ сізді әке-шешелері айтатын әндермен, сіз туралы айтылатын сылтын, қылжақ әңгімелер арқылы білетін болса керек. Әлгілердің сөзін ауыр алмай-ақ қойыңыз. Кейінгі жылдарда бұрынғыдай ай сайын бір тамаша ән шығарып дүрілдетпей қалғаннан кейін... Оның үстіне, мынау эстрадалық даңғаз дегендер эфир мен сахнаны билеп-төстеп бара жатқан заманда жастардың талғам-түйсіктері де қарабайырланып, ұлттық, халықтық үрдістен алыстап бара жатқан жоқ па? Данышпан Абай атам тауып айтқандай:

Әркімді заман сүйремей,

Заманды қай жан билемек?

Заманға жаман күйлемек,

Замана оны илемек... дейтін бір уақытқа тап болдық қой.

Кім не десе де, қалай болғанда да, әлгінде айтқанымдай, сіз сонау 50-60-жылдарда-ақ ұлы композитор Шәмші Қалдаяқов болып иісі қазаққа танылып қойған адамсыз. Дұрыс айтпасам, алдын ала кешірім сұраймын.

Сіздің кейде өзіңізді әке алдындағы перзенттік парызыңызды өтей алмаған жандай кінәлі сезінетініңізді байқап қаламын. Сөйте тұра ондай көңіл күйді мойындағыңыз келмейтін сияқты. Бір жөнінен айтқанда, оныыз да дұрыс шығар.

Сөйте тұра, апыр-ау Шәкең өзі айтқандай, шынымен «Әке туралы жыр» атты тамаша ән шығара алар ма екен, егер орта қол қоныр төбел бір нәрсе болып шықса, ол кісінің асқақ абырой-атағына нұқсан келтіреді ғой деп қарадай уайымдаймын.

Құдай-ау, анау бір шет-шегі, тоқтау-толалы жоқтай шалқып, толқын атқан, мың құбыла түрленіп, нөсерлеткен, айтушысын да, тындаушысын да шалқыта, балқыта ереуілдетіп жіберетін «Ақ маңдайлым», «Ақ сұңқарым», «Қайықта», «Бақыт құшағанда», «Ақ ерке – ақ Жайық», «Сыр сұлу», «Сыған серенадасы», «Ана туралы жыр» (бұл тізімді соза беруге болады ғой) сияқты «кұдайский» әндерден кейін сол деңгейлес ән шығара алмай қалса қайтпек керек? Одан да Шәкең осы заңғар биіктен түспеу үшін ендігі жерде ән шығармай-ақ қойса, жақсы болар ма еді, қайтер еді? – деп те ойлаймын.

— Шәке, мені дұрыс түсініңіз, мен сізді шын жүректен құрметтеп, талантыңызға бас иетін, сізге тілеулес жанашыр інілеріңіздің бірі екенін есіңізден шығармағайсыз. Әйтсе де лайым мен-ақ қателесейін. Мүмкін «екінші тынысыңыз» ашылып кетіп, небір тамаша әуендерді бұрқырата төгілдіретін шығарсыз. Өмірде не болмайды дейсіз?!

Шәкең бұл жолы шамырқана, шамдана қоймады. Менің сөзімді үнсіз тыңдап, анда-санда маған сүзіле, шаншыла қарап қойып, машинасының жылдамдығын арттыра жүйткітті. Өнеміне дегенше, біздің үйге де келіп жеттік.

Шәкең аулаға машинасын кіргізіп, өз сөзімен айтқанда «атын тұсап, өрелеп бекіткеннен кейін» маған онша зілсіз болса да қатқылдау, қарлығыңқы дауыспен: "Сендер не десеңдер, о дей беріңдер, мен все равно. «Ана туралы жырдан» еш кем емес «Әке туралы жырды» жазбай қоймаймын. Көресің әлі, мен сен қытаймен сол кезде сөйлесемін..." – деп еді.

— Шәмші ағаңыз сізге "қытай" деп, біртүрлі сөйлейтінін жазасыз. Бірақ сіз дәл Шәмші атаның айтқан сөзін жылы қабылдапсыз. Сонда деймін ғой, тұлғаны осыншалық құрметтеу үшін, тіпті намысыңызға тиетін сөздің өзін жылы қабылдау үшін адам қандай қадірлі болмақ керек?

– Иә, Шәкең кейде маған ренжіп қалғанда «сен қытайлап», кейбір сөзім мен ісіме көңілі толып, риза болғанда да «мына қытай қайтеді-ей» деп жұртты күлдіруші еді.

Шыны керек, мен үшін ең ауыр сөз, ең намысқа тиетін қорлау дәл осы «қытай» деген сөз еді. Қытайды ата жау көретін, сол үшін атысып-шабысып келген қазақ, ұйғыр, дүңген, моңғолдар біріне-бірі ашуланғанда «қытай» деп кемсіте тілдейтін. Ол, ол ма, қытайдың өзі басқа ұлттарға өздерін «қытай» деуге есте жол бермейтін, «хан зу» (ер, батыр ұлт дегені) деп айтқызатын.

Солай бола тұра, мен Шәмші ағаның «қытайын – айналайын» деген мәнде қабылдап күлетін де қоятынмын.

– Жарайды, келістік Шәке, лайым да солай-ақ болсын! Тек менің ізгі ниетімді дұрыс қабылдасаңыз болды. Менікі шын жанашыр жанның шып-пыр алаң көңілі ғой. Шабытыңыз шалқыр сәттер көп болғай! – дедім.

Қайран Шәмші ағам, шынымен-ақ қалай да «Әке туралы жыр» жазуға бекініп, сол бір шабыт нөсерін селдетер бақытты минуттарды тағатсыздана күткен екен-ау.

Өзі туып-өскен Отырар ауданы орталығы Шәуілдірде ашылған «Шәмші Қалдаяқов атындағы саз мектебінің» естелік кітапшасына: «Ана туралы ән шығарған едім. Әл-Фараби елінің жігітімін ғой, әке туралы, жерлестерім туралы ән шығарамын, қыздарым, інілерім» – деп қолтаңба қалдырған екен. Жазмышқа шара бар ма? Ауру меңдете бастағанына қарамай, жерлестеріне берген уәдесін жартылай болса да орындап кетіпті. «Шәуілдірдегі ұлы тойдай» асқак әуенді тамаша әнін аманаттап қалдырып кетті, әйтсе де әттең бірі кем дүние-ай десеңші! Шәкең «Әке туралы жыр» жазу арманын данышпан әкелер рухын ардақтап, асқақтатқан перзенттік жүрегінде аялаған бойы бақилық сапарға өзімен бірге алып кетті. Бұл дүние, осынау фәни жалғанда бәріміз де:

Бір арманға қол жетсе,

Екінші арман туады.

Арман қызыл түлкідей,

Қыран боп адам қуады, – деп өзімізді-өзіміз алдарқатып, арсалаңдап жүріп, арманмен өтерімізді білсек еді-ау!

Арман! Сен адамзатқа осыныңмен ұлысың, осыныңмен мәңгіліксің! Шәкеңнің орындалмаған арманы сол мәңгіліктің бір аялдамасы ғана болар!..

— Біраз естеліктің басын шалдыңыз. Десе де, Шәмші ағаныңбен бірге жүрген жылдардағы жүрегіңізге ең жақын, ең жылы, ең аяулы естелік деп қай естелікті айтар едіңіз?

— Шәкең өмірінің соңғы 7-8 жылында мен жиі араласып, ұзақ-ұзақ сыр шертісіп, жүрек түкпіріне терең бойлауға саналы түрде ұмтылыс жасағаным бұл күндері шүкіршілік етемін. Өйткені қазақтың ұлы перзентімен бірге өткізген асыл уақыттың қадірін біліп, танып-білгім келген сұрақтардың жауабын өз аузынан естігім келді. Ол кісі туралы жеңіл-желпі қаңқу сөздер мен қылжақбас Шәмші жөніндегі әзіл-оспақтардың шындыққа жанаса бермейтін жамау-жасқаулары көп екенін бұрын да шамалаушы едім.

1983 жылдың жаз айларының бір күнінде біздің Шубаровка деп аталатын ауылдағы (сол кездегі Бөген, бүгінгі Ордабасы ауданы) үйімізден аттанып, Шымкент қаласына келе жатып, рульде отырған Шәкеңмен әңгіме арасында көңілімде көптен жүрген бір базыналы өтінішімді айтып едім.

— Шәке, мені көптен бері бір ой мазалап жүр. Сізбен танысып, араласа бастағалы да бірнеше жыл өтіп кетіпті. Қашан болсын, қайда барсақ та, жүрісіміз бір өңкей сірескен дастарқан басындағы дыр-думан, ішіп-жеу, қошамет-қолпаш, мадақ-мақтау, бас мүжіп, бата берумен аяқталып келеді екен. Келесі күнге шаршап-шалдығып әрең жеткендіктен, салиқалы әңгімеге мүлдем зауықсыз, марғау, есінеп-құсынып кезекті қонақтарда отырамыз. Кездесулеріміз осылай жалғаса берсе, келешекте сіз туралы бір нәрсе жазуға тура келсе, есте қалар не барын ойласам жаным түршіккендей шошынамын. Қай үйден қанша бас жегенімізді, қанша шапан-шақып

кигенімізді, кімнің қанша арақ ішкенін, қандай қошамет сөздер айтқанын тізбелегеннен не шығады?

Шындығын айтар болсам, табиғаттың заңы бойынша, бұ дүниеден алдымен сіз кетуге, артыңызда біздер қалуға тиіспіз ғой... Қазақтың ұлы композиторы Шәмші Қалдаяқпен аға-іні, дос-жаран болып едік деп құр мақтанғаннан басқа, танымдық, үлгі-өнеге боларлық, әсіресе сіздің шығармашылық ғұмырыңыздың қыр-сырына үңіліп, әндеріңіздің дүниеге қалай келгенін ашып-көрсете алар тағылымдық естеліктер қалдыра алар емеспіз. "Сондықтан" дей бергенімде Шәкең машинасының жүрісін баяулатып, маған еңсеріле бұрылып:

— Ей, сен не деп кеттің, а? Мені өлтіре алмай, менен құтыла алмай жүрген байғұстар аз болғандай, сен де қайдағыны көйтіп отырсың ғой. Мен өйтіп аяқастынан ит өліммен өле қалар шақтан өтіп кеткенмін, құдай қаласа баяғыда цыган қатынның палында көрсетілгендей 82 жасқа аттай шауып барамын, – деді екпіндей сөйлеп.

— Е, Шәкем-ай, біз пенделер айта береміз ғой, кім біледі, осыны айтып отырған мына мен дәм-тұзым таусылса сізден бұрын кетіп қалатын шығармын. Лауқұл-мақпұздың кінәгасына не жазылса сол болады ғой.

Ұлы Абай атамыз сол бір мәңгілік ақиқатты қайталай нықтап:

Дүние – үлкен көл,

Заман соққан жел,

Алдыңғы толқын ағалар,

Артқы толқын інілер.

Кезекпенен өлінер,

Баяғыдай көрінер деп жазып кеткен жоқ па? – дедім.

Шәкең өте сергек ойлы, ақылды адам еді ғой. Оның үстіне, мен анау-мынау емес, ұлы Абай атамызға жүгініп, алдын орап кеткендей болдым емес пе?!

Шәкең біраз үнсіз қалды. Сәлден кейін өзінің қарлығыңқы, тұтқыр даусымен «Дүние бір қисық жол бұрандаған, бақ тайса ерге дәулет құралмаған, күніне мың бір пәле кездесе де, жігіттер күдер үзбе бір Алладан» деп терең күрсініс аралас ысқырықпен тоқтады. Іле-шала ол қара шалға айтар уәжді қайдан табамыз, солайын-солай екен-ау, – деді.

Мен осы үзілісті пайдаланып, талайдан бері сұрап, білсем-ау деп жүрген бір түйткілді әңгімеге ойысқым келді.

— Шәке, таяудан бері сіздің «Сыған серенадасы» дейтін әніңіз жиі айтыла бастады. Әннің табиғаты өзгешелеу, орындалуы да соған лайық үйлесім тауып алған сияқты. Ал осы «Серенада» дегенді қалай түсінуге болады? Оның сығандарға не қатысы бар, сізді біраз уақыт сығандар табуында болып қайтқан екен дейтін сөз де бар, шыны қандай? – деп сұрап едім. Шәкең алдымен қарқылдап күліп алды да:

— Е, сен әлгі картожник цыган қатынның әңгімесінен кейін қадала қалған екенсің ғой. Цыган қатынның менің өмірім туралы пал ашқаны, 82 жас бергені рас. Кезінде Пушкиннің тағдырына қатысты цыган қатын ашқан пал да айнымай келгенін білемін. Пушкин сол бір қаралы мерзім жақындаған сайын алабөтен күйге түсіп, алда болар қанды жекпе-жеккі тездетуге әлдеқалай бір желікпе құлшыныстың жетегінде жүргенін ұлы ақын өмірін зерттеушілер ашық жаза бастады. Мына Шымкент көшелерінде сенделіп жүрген «қалдун қатындар» мен шын палшыларды шатастыруға болмайды. Мен өзім туралы ашқан палға сенемін. Сондықтан арқамды кеңге салып, алаңсыз жүрмін, әйтсе де олардың айтқаны құдайдың сөзі емес екенін де түсінемін ғой, – деді.

Ал осы жаңағы сен айтқан сұрақты басқалардан мен де естіп қалып жүрмін. Мен, өзі бір қызықтау адам болсам керек. Бір іске немесе бір сөзге елең етіп, көңіл аударсам соның қыр сонынан қалмай індете қуалап, әуреге түсетін

әдетім бар. Сен білесің бе? Мен, маған, менің шығармашылық өміріме де, былайғы тірлігіме де ешбір қатысы да, қажеттілігі де болмаса да, мына жан-жануарлар жөнінде, әсіресе, балықтар, теңіз жануарлары мен жыландар жөнінде білгім келіп қанша энциклопедиялар мен кітаптарды іздеп жүріп оқыдым. Иттер мен тазылардың түрлері мен мінез-құлқы, адамға қарым-қатынасы жөнінде қаншама іздендім десеңші. Лев Толстойдың иттер жөнінде жазған қаншама ақылды тағылымдық сөздері бар. Сол сияқты бір кездері, әрине, жастау кезімде цығандар өміріне, олардың ешкімге ұқсамайтын тіршіліктері мен ән-би өнеріне ерекше қызығушылық, әуестік пайда болып, олар жөнінде жазылған кітаптарды қалай да тауып оқуға құмарттым. Әсіресе, олардың нәзік те одағай мінезді сұлу қыздарының сан құбылған биі мен сиқырлы көз жанарының отты лебі менің жан-жүрегімді шарпып, бөлекше бір сезім күйге бөлеуші еді. Шынымды айтсам, құлазып жүрген бір шақтарымды сол сиқырлы әлемге елтіп, солардың арасына қойып кеткім де келуші еді. Алматыда соларды жағалап, сауық кештерін сырттай тамашалап жүрген кездерім де болған. Былайғы жұрт соны сан-саққа жүгіртіп гуілдететін болса керек. Бірақ сыған деген күні бүгінге дейін бөгде халықтар үшін бөлекше бір тылсым әлем екенін, оның арбаның үстіндегі сол бір баянсыз, тұрлау тұрақсыз жабайы тіршілігін әлем-жәлем, сән-салтанатты хан сарайына айырбастағысы келмейтінін, ғасырлар бойы бұлжымас заңға айналған табурлық әдет-ғұрыптарын, сөзсіз орындалуға тиісті тәртіп-ережелерін бұзуға ешкімге, ешқашан жол бермейтінін, оны бұзғысы келетін тентектер мен телілер тағдыры тек қанжардың жүзімен шешілетінін әбден оқып, зерделей білген екі қазақ болса соның бірімін. Ал біреуі болса, тағы менмін. Сондықтан сығандар арасына кіре қалайын деп ажалына асығатын ақымақтар қатарына өзімді жатқыза алмаймын. Ал қаңғыған бір қазақ тентегін араларына кіргізіп, өздері бір-бірінен қызғанып пышақтасып жататын сұлу бикештеріне жолатпасы тағы белгілі.

Сығандарды түсіну үшін тек сыған болып дүниеге келу керек. Ал сығанның музыка өнерін, би өнерін түсініп, оған еліктеп шығарма жазу дегенің өзінше бір дүние ғой. Оның қандай қиын шығармашылық толғақтан туатынын мен ғана білемін. Шынында, таяудан бері бір жас жігіт гитарамен сол әнді тәп-тәуір орындап жүр. Әннің ішкі мазмұнына, табиғатына бойлай кіруге деген ынтасы ұнады. Әнші әдемі әннің бағын ашатыны сияқты, жақсы ән де жақсы орындаушысын елге танымал етеді ғой.

— Шәке, сонда Серенада деген нені білдіреді? Ол неге қазақ немесе орыс серенадасы болмай «Сыған серенадасы» деп аталды? Уәжін айтыңызшы? – деп жабыса кеттім.

Шәкең өзіне ғана жарасатын бір мысқылды, бірақ зілсіз майда күлкісіне жалғастыра былай деп еді:

— Осы біздің қазақтар қызық-ей. Өздеріне түсініксіздеу бір нәрсеге кез болса, оскырынып шыға келеді, сосын оның бір жерінен орыстікіне ұқсастық іздеп тышпырлайды. Бір нәрселер тапса, е, бәсе, сол баяғы орыстардың әсерінен туындамағанда қайтушы еді деп немесе мүлде жатырқап ойқастап шыға келеді. Мен бұл әнді «қазақ серенадасы» немесе «орыс серенадасы» деп атасам, не дер едіңдер? Алдымен сендер «Серенада» дегеннің не екенін түсініп алуың керек емес пе? Сосын барып, я содан кейін ғана дәркүмәндарың болса айтуларыңа болады, айтпесе... Иә, «Серенада» әу баста француздардың «Серенаде» кешкі ән, былайша айтқанда әйелдерге арналған махаббат әні дегенді білдірген. Ол көбінше мандолин мен гитараның сүйемелдеуімен орындалады. XVIII-XIX ғасырларда ол Еуропада, одан Ресейде әртүрлі аспаптық ансамбльдер мен оркестрде де орындалатын болған. Әйтсе де, «Серенада»

сығандардың ең сүйікті аспабына айналған гитараның сүйемелдеуінде XX ғасырда солардың ұлттық музыкалық жанрына айналып кеткендей әсер қалдырды. Ендігі жерде «Серенаданы» гитарасыз елестету мүмкін емес сияқты.

Менің "Серенадам" да дәл сондай. Оны мандолинмен сүйемелдесең де, оркестрмен сүйемелдесең де гитарамен орындағандағы «эффектіні» то есть (Шәкең кейде осылайша орысшаны әдейі араластыра сөйлеуші еді) әуеннің грациясын жеткізе алмаған болар еді.

Мен «Серенада» жөнінде қанағаттанарлық жауап естігендей болып келе жатқанымда, енді «грация» деген қазақтар үшін тосындау сөздің төркінін қаузау керек болып еді. Әдетте мен де өзімше, орыс тілінде сауатты сөйлей алмасам да, сөздік қорым, тіл байлығым ешкімнен кем емес деп мақтанушы едім. Мен орыс тілін мұғалімнен арнайы оқыған емеспін. Күнделікті өмірде тірі орыспен аралас-құралас болып сөйлесіп те көрмеген екенмін. Қытайдан келісімен «үндемес» қазақтармен қазақша сөйлестік, Көкшетаудағы екі жарым жылымда тек қазақ қойшылармен, отар қоймен қазақша тілдестім. Ал қара ормандай қалың қазағы бар Шымкенттің қала, даласында тек қана қазақша сөйлеспегенде қай орыспен орысша сөйлесе қалайын.

Менің орысшам кітаби орысша болатын. Айтан Нүсіпхан марқұм екеуіміз КГБ-ның жертөлесінде жатқанда қазақ мектептеріне арналған орыс тілі оқулығының 5-сыныпқа дейінгі бағдарламасын өздігімізден үйреніп «Правда» газетін «Сөздік» бойынша оқи алатын деңгейге жеттік.

Қағазға түсіріп жатпаған сөздер мен сөз тіркестері 48 беттік 8 дәптерге жазылған еді. Ұзын саны 10 мыңға жеткен, соның кемінде 7 000-8 000-дайы толық жатталып есте сақталғаны анық. Одан кейінгі өмірімде де мен орысша-қазақша, орысша-қытайша, түрікше-орысша сөздіктерді пайдаланып, сөздік қорымды ұдайы байытып, толықтырып отыруды дағдыға айналдырғанмын.

Шәкең қолданған «грация, грациозный» сөздері де маған онша түсініксіз болмаса да, оны музыкалық әуенге тіркестіре қолданғанына тосырқай қарағаным рас.

Сонда Шәкең ерекше шабыттана сөйлеп, «грация» сөзінің түп атасынан қайыра, әсіресе бұл сөзді мың құбыла, сан бұрала толқи, шалқи асқақтап, әрі наздана, әрі тәкаппарлана шырқалатын ән әуендеріне, оның ішінде сыған әуендерінің табиғатын ашып, ләззаттану үшін қолданғанда тұрған ештеңе жоқ. Ән-күй әуенінде келісті ырғақ, әсем қозғалыс, назды қылық, сәнді үйлесім болмаса, яғни грация болмаса «құлақтан кіріп, бойды алар» ұлы күдірет қайдан пайда болады, – деп еді.

Мен Шәкене шын ризалықпен бас шұлғып, құмарта елтіп отыра бердім. Ол кісі төгілте талай сөз айтты.

— Сонда сіз, сығандар табурында болмай-ақ қазақтың халық әндеріне де, өз әуендеріңізге де онша ұқсай бермейтін Серенаданы қалай шығара алдыңыз? – дедім сөз арасында. Шәкең сәл ойланып отырды да, ауыр күрсінді:

— Сен ол әннің қашан, қалай шыққанын білмеген соң солай ойларсың. Бірақ «Серенада» деп айғайлай ат қоймаса да, шетсіз-шексіз кең дала мен асқар тауларда еркін өскен бұла қазақтың халықтық әуендерінде, халық композиторларының шалқымаларында «қазақы серенада» дегенің жетіп артылады. Ал менің Серенадам, ой, ол өзінше бір тағдырлы жаратылыс қой...

Мен 1962 жылы кейбір тоң мойын орысшыл-еуропашыл оқымыстысымақ басшылардың озбырлығынан консерваториядағы оқуымнан айдап шығарылып, далада қалғандай болған едім. Ол кездегі менің көңіл күйімнің қандай болғанын әзір саған айтып жеткізе алмаспын. Менің мұңдас, армандас досым Қадыр Мырзалиев дәл басып анық жазды-ау деймін. «Сыған серенадасында» қалай еді... Иә, "Күн туса



басыңа, мойыма, жасыма, жігіт болсаң!" – деп қайраттандыра гитара арқылы жігерінді жанып: «Оу, жан серігім, төгілсін күй тарап! Жаның тарықпасын! Ән шарықтасын! Қайран басың, ғарып басың, көзіңді жұмбақ қамықпасын! Қамықпасын», – деп аруақ шақырғандай ұрандайды.

Шәкең сол жолы шынында барынша ашылып, толқи, тебірене ұзақ сөйлеп еді. Мен есімде қалған негізгі мазмұндарын күнделік дәптеріме түсіріп қойған едім. Менің сол ұзақ әңгімеден түйгендерім: Өткен ғасырдың 50-60-жылдарында қазақ халқының басына қайтадан қара бұлт үйіріліп, қазақ зиялылары қарнының ашқанына емес, қадірінің қашқанына қатты ренжіп, іштей шырға бұлқынып жүрген кезі екен ғой...

Сырттай қарағанда Никита Хрущовтың жылымығына шуақтағандай Сәкен, Бейімбет бастаған арыстарымыз ақталып, халқымен қайта қауышып, мәре-сәре болып жатқанымен, «Тың игеру» дегенді желеулетіп жеткен миллиондаған келімсектер салған ылаңнан қазақтың 700 мектебі жабылып, қазақ баспасөзі орыс басылымдарының аударма-көшірмесіне айналып, рухани апат төніп келе жатты. Қазақ жері ту-талақай бөліске түсіп, Мырзашөл аймағы өзбектердің қанжығасында кетті. Енді Солтүстік облыстарға орыс аюының табанына тапталу қаупі күшейсе, батыстағы мұнайлы өңір түрікпен мен эзерилердің өңешінен өтіп кетуге айналғаны белгілі.

Жығылғанға жұдырық дегендей, соның бәрі Қазақстандағы партия билігі әдейілеп тапсырылған ұйғыр Исмайл Юсупов пен Кремль жіберген орыс мансаптыларының қолымен қазақ халқы мен қазақ өкіметінің атынан істеліп жатты.

"Сойыл тисе – сорлыға тиеді" демекші, сол тұста студент Шәкеңнің қыр соңына түсіп, тақымдап жүрген Дубобский сияқты шовинист мұғалімдердің сөзін сөйлейтін басшы да табыла кетіпті. Құрманғазы атындағы консерваторияның ректорлығына академик Ахмет Жұбановтың орнына Юсуповтың шарапатымен композитор Хұдүс Қожамяров ректор болып келе қалған тұс еді. Алдына араша сұрап, әділдік іздеп келген ұлы композитордың көзіне шұқығандай:

— Сендердің әкелеріңді таныту керек. Сендер әбден құтырып, құдайларыңды танымай кеткенсіңдер. Саған оқудан шығару әлі аз, есің барда елің тап дегенді білесің бе?! – деп зіркілдеп еді.

